



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазак



JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№13

(845)

9 сәуір

2021 жыл

ТҮЙТКІЛ

ӨТЕМАҚЫ АЛМАСА, МҮГЕДЕК ҚАЛАЙ КҮН КӨРЕР?

Компания банкротқа ұшыраған жағдайда өндірістік жарақат алған мүгедектің өтемақысын қай мекеме төлеуі керек? Осыдан 35 жыл бұрын зауытта бір қолынан айырылған Талдықорған қаласының тұрғыны Хандәулет Үсекбаев осы сұраққа жауап таппай, КТК телеарнасының «Дау-дамайсыз» бағдарламасынан көмек сұраған еді.



Оқиға былай болған. Талдықорған қаласының тұрғыны Хандәулет Үсекбаев 1985 жылы «Береке» агрофирмасының жеміс-көкөніс зауытында өндірістік жарақат алып, қолынан айырылады. Түнгі сағат он бірде, жұмыстың аяқталуына жарты сағат қалғанда станокқа жеңі ілініп, конвейер орап кетеді. Үш күннен кейін бас дәрігер «жарақаттың іріңдеп кетпей тұрғанда кесу керек» депті. Әке-шешесі амалсыз рұқсатын береді. Зауыттағы оқыс оқиға 17 жастағы Хандәулеттің боксшы боламын деген арманын ұрлады. Сол кезде зауыт басшыларының «өмір бойы өтемақы төлейміз» деген бұйрығы шығады. Алайда 2002 жылы зауыт банкротқа ұшырайды. 2012 жылға дейін зауыт алдын ала он жылдық өтемақысын төлепті. 2012-ден

бастап тоқтаған. Зейнетақы тағайындау бөліміне, еңбек инспекциясына барады. Ондағылар: «Зауыт жоқ, ешкімге шағымдана алмаймыз. Зауыт жұмыс істеп тұрып төлемесе, әңгіме басқа» депті. Хандәулет Үсекбаев енді өтемақысын кімнен талап ететінін білмейді. Үш баланың әкесі, отбасының асыраушысы қол қусырып отыра алмайды. Бір қолымен ағаш жарады. Жұбайы Айманның айтуынша, ері үйдің шаруасын тындырып жүретін еңбеккер жан. «Жұмыссыз, қатты қиналған кездер болды. 2001 жылы зауыт тиесілі ақшасын төледі. Он жылға 230 мың теңге алдық. Сосын зауыттың жұмысы тоқтады. Кімге барып, кімнен сұрайды?

(Жалғасы 3-бетте)

АҚЖОЛТАЙ

ҚАНДЫ СҰЙЫЛТАДЫ ҚАЗАҚ ҒАЛЫМДАРЫ КОРОНАВИРУСҚА ҚАРСЫ ДӘРІ ЖАСАДЫ

Қу шөппен ауыз сүртуге үйренгенбіз. «Бізде түк жоқ: ғылым жоқ, медицина нашар, технологияға шорқақпыз» дегенді ауызы дуалы қауым ғана емес, қара базардағы саудагер, қара жолдағы таксист те езуі көпіріп, кесіле береді. Бірақ бізде де бар. Басқасын айтпай-ақ қояйық. Қазақ ғалымдары коронавирусқа қарсы дәрілік қоспа жасап шығарыпты. Қандай жақсы жаңалық! Олар Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің дәрілік өсімдіктер орталығының ғалымдары екен.



(Жалғасы 3-бетте)

МЕРЕЙ

Kaspi.kz негізін қалаушылардың бірі және басшысы Михаил Ломтадзе PricewaterhouseCoopers (PwC) халықаралық жетекші консалтинг компаниясы өткізген CEO Survey 2021 сауалнамасының нәтижесі бойынша, Қазақстандағы ең үздік компания басшы болып танылды. Михаил осымен үшінші рет қатарынан үздік атанып отыр.

МИХАИЛ ЛОМТАДЗЕ ТАҒЫ ДА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҮЗДІК БАСШЫ АТАНДЫ



Михаил Ломтадзе бұл туралы былай дейді:

«Біздің жұмысымызды бағалағандардың барлығына және зерттеуді жасаған PwC компаниясына алғыс айтамын. Бұл сүйікті клиенттеріміздің өмірін жақсартып, инновациялық сервистер жасап жүрген біздің тамаша командалымызды кезекті мойындау. Өткен жылы біз Kaspi.kz-тің табысты IPO-сын өткізіп, Қазақстанды әлемдік инновация картасына қостық және халықаралық инвесторлар алдында еліміздің тартымдылығын біршама арттырдық. Біз өз тарапымыздан сүйікті клиенттерімізді ары қарай да әлемдік деңгейдегі инновациялық қызметтермен қуанта беруге уәде береміз».

Зерттеуге экономиканың түрлі секторындағы қазақстандық компаниялардың 71 басшысы қатысқан. Респонденттер Kaspi.kz-тің IPO-ға табысты шығуы мен команданың кәсібилігі, компанияның технологияға бейімділігі мен Kaspi.kz басшысының стратегиялық көрегендігін атап өткен.

PwC аталған зерттеуді бүкіл әлем бойынша 24 жыл бойы және соңғы 9 жылда Қазақстанда өткізіп келеді. Сауалнаманың негізгі мақсаты – жаһандық және ұлттық экономикадағы жағдай туралы басшылардың пікірін бағалау, бизнесті дамытудағы тәуекел фактор-лары мен мүмкіндіктер туралы білу.

Зерттеудің толық нұсқасымен www.pwc.kz сайтында танысуға болады.

(Өз тілшіміз)



30 QARYŪSTY QADAM



(JAS QAZAQ ГАЗЕТИНІҢ АРНАЙЫ ЖОБАСЫ
ТУРАЛЫ 4-БЕТТЕН ОҚИ АЛАСЫЗ)



БИРЖАМЕТР

МУНАЙ (brent)
63,03

DOLLAR
432,6

EURO
513,1

РУБЛЬ
5,6



JAS QAZAQ
ГАЗЕТИНІҢ
TELEGRAM-
КАНАЛЫНА
ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

YH KOCY

Әлемдік және ұлттық тарих тәжірибесіне, белбұрысты оқиғаларына мазмұны, құндылығы бойынша түрлі қырынан қарауға болады. Берілетін бағалар да бір-бірінен өле ашақ жататыны белгілі. Мәселен, IV ғасыр – Еуропа мен Америка үшін географиялық жаңалықтар ғасыры: 1492 жылы Америка құрлығы ашылды. Тап осы және басқа оқиғаларға география өлшемімен емес, тарихшы көзімен қарайтын болсақ, оны берісі – жаһандандудың, әрісі – жаһандық отарлау саясаты мен практикасының жүзеге аса бастағанының айғақ-дәлелі ретінде зерделеуге толық негіз бар.



ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ТАРИХ ЖАҢА КӨЗҚАРАС

Қазақстан тарихында да ақиқаты мен маңызы түрліше бағаланып жүрген туғалар, оқиғалар, өзгерістер, ақтандақтар тізбесі баршылық. Олардың біразы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Туелсіздік бөрінен қымбат» мақаласында қалау-қалау көрсетілген. Айталық, біртуар туғалардың, Алаш арыстарының асыл мұрасын игеру жалғаса беру керектігі, ашаршылық құрбандарының саны туралы ортақ пайымның жоқтығы қаперге салынды. Бұлар – кеңестік қуғын-сүргіннің ұлттық тарихымыздағы қасіретті беттері. Алаш басшылары, К.Кеменгерұлы 1924 жылы жазғандағы, Еуропаның таңдаулы оқымыстыларына тең түсті, елді оятқан үлкен күш болды. Ал ашаршылықтың зарлаптарын күні бүгінге дейін бастан кешудеміз. Одақтас республикалардың бірде-бір байырғы халқы тап қазақтай апатқа ұшыраған жоқ. Ғасыр басындағы 6 млн қазақтан 1939 жылы тарихи отанында 2,3 млн қалды. 1926 жылғы санақта бізден әлдеқайда аз өзбектер 13 жыл ішінде 4,8 миллионға жітіпті. Ендеше кеңестік Қазақстанның тарихы мен тағдырындағы қуғын-сүргін факторын егжей-тегжейлі ашпай, арақтар алдындағы парызымыз өтелмейді, тарихи әділдік орнамайды.

Мемлекет басшысының көп томдық жаңа тарихымыз әлі жазылмағаны, ұлттық тарихымыздың терең тамырлары көне заманның өзегінде жатқаны туралы пайым-тужырымынан ғалымдар тиісті қорытынды шығаруы керек. Тарихпен саясаткерлер емес, тарихшылар айналысуы керектігін талап етуі көптің көкейінде жүрген ой елі. Бүгінде шығармашылық еркіндікті сылтаулатып, қашқанның да, қуанның да ермегі тарих жазу болды. Жалған ғалым мен желбуаз ғылым Президент сынаған жағымсыз идеологиялық вирустың қауіпті түрі. Тарих ғылымының қанаты – дерек. Ал «ала-құла деректер және оның себеп-салдары жайлы әртүрлі көзқарастар қоғамды адастырады». Отандық тарих ғылымын айдай әлемге таныту үшін, менің ойымша, Президенттік екі ұстанымның бәсі жоғары: біріншісі – «тарихи зерттеулерді ұраншылық пен даңғазасыз, таза ғылыми ұстаныммен жүргізген дұрыс», екіншісі – «әрбір халық өзінің аға-бергі тарихын өзі жазуы тиіс. Бөтен идеологияның жетегімен жүруге болмайды» деген ой-түйендірі.

Міне, осындай күрмеуі күрделі ғылыми ахуал мен ізденісте оң нәтижеге жеткізетін, басшылыққа алатын бір ғана әмбебап жол бар. Оның атауы – методология. Егер материалдық өндіріс саласында өнімнің үздік сапасын, тиімді бағасы, бөсекелік әлеуеті ойық

технологиялармен камтамасыз етілсе, қоғамдық-гуманитарлық зерттеулер нәтижесі зерттеушінің ұстанған ызық методологиясымен анықталады. Әрине, әлеуметтік-кәсіби мәдениетімен, ұлттық мүддесі серектігімен, жеке басының қабілет-қарымымен ықпалдастығын есептен шығарып тастауға болмайды. Методология, қазақы ұғыммен айтсақ, қолыңды ұзартады, жүрек жолыңды қысқартады, өрісіңді кеңейтеді, шығыңынды азайтады, беделіңді көтереді, сойтіп әріптестеріңнің, тен құбынының алдына шығарды.

Кенестік тоталитаризм тұсында көне заманды зерттейтін археологқа да, халықтардың этногенезі мен этникалық болмысын зерттейтін этнографқа да, жазба ескерткіштерді зерттейтін деректанушыға да, тарихи ой-сананы

Рабынның саған уахи еткен даналықтары» әрбір мұсылман басының санасын нұрландырағын жөн. «Пенде топырақтан жаралды, топыраққа айналады» деген қағида бекер болмаса керек.

Қысқасы, адам пайда болумен басталған тарихымыздың бастау-бұлағы, тұғыры – жер. Адам – жер басып жүргенде ғана адам. Мұхиттан мұхитқа, құрықтан құрыққа өту, ұлы географиялық жаңалықтар, ғарышты игеру, теңіздің табанын актуру, шахматқа кен қазу – бәрі жер бетіндегі тіршілік қамы. Адамдар ежелден жердің қасиеті мен күдіретіне табынғаны әлемдік мифтер мен аңыздарда, жазба деректерде тұнып тұр.

Тарихтың тірі тұғыры – тіл. Тіл шыққан сәт, біріншінен, адамдар қауымын ең биік әлеуметтік қауымдастық

Әлеумет.т⁰ 

АРАНЫ
АШЫЛҒАНДАР

«Жеп койыпты, пара сұрапты, сыбайлас болыпты, комакты ақшамен ұсталыпты» деген сөздерге құлақ үйренгелі қашан? Тіпті мән бермейтін болдық. Бірақ бұл дұрыс емес. Қоғам сондай ашкөздерге немқұрайды қараған сайын, олардың араны ашылып бара жатқандай. Күн сайын бір паракор ұсталып, апта сайын миллиондаған тенге із-түссіз жоғалып жатыр. Арыға бармай-ақ, өткен аптадағы оқиғаны айтайық.

Нұр-Сұлтан қалалық білім басқармасы басшысының орынбасары 869 млн теңгені ысырап қылыпты. 869 мың емес, 869 млн тенге! Есепшотқа салып көрдік. Елордадағы қарапайым 40-45 пәтердің құны. Атам казак пәтер түгілі, бір шолақ ат ұрлап ұсталған сумақайға ат-шалан айып төлетіп, жұрттын алдында қарабет қылып, қайтып мұндай қылмысқа бармайтындай масқаралаған. Ал қазір шолақ атты місе тұтпайды...

Білімге бөлінген ақшаға түскен ұрыны сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Олжас Бектенов растады. О. Бектенов: «Нұр-Сұлтан қалалық білім басқармасы басшысының орынбасары жадбық сатып алу кезінде зан бұзушылыққа жол бергенін растай аламын. Аталған факт бойынша сотқа дейінгі тергеу іркелді. Бағаны зансыз шарықтатып жіберген. Тиісті араптамалық қорытынды бар», — деді. Оның айтуынша, күдіктінің есім-сойы Дулат Шоғанбай екен. Өзі жап-жас жігіт көрінді.

Ал «Бағаны шарыктатып жіберген» дегенді қалай түсінесіздер? Нұр-Сұлтан қалалық әкімдіктің баспасөз қызметінің жетекшісі Ақмарал Олжабаева «Компьютерлер мен ноутбуктердің баға түзіліміне қатысты зан бұзушылық анықталмады» деп ақтапты. Демек күдіктіге тағылан айып – сапасыз ноутбук пен арзан компьютер сатып алып, оған аспандатып баға қойғаны болды ғой. Бірақ А.Олжабаева сөзінен танбайды: «Білім басқармасы басшысының орынбасары Дулат Шоғанбай жұмыс орында. Оған қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру ісі тіркелді. Алайда қаржы министрлігі ішкі мемлекеттік аудит департаменті және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаментінің 2021 жылғы 15 наурыздағы аудиторлық есебі бойынша компьютерлер мен ноутбуктердің баға түзіліміне қатысты зан бұзушылық, сондай-ақ сыбайластық әрекет те анықталмады». Оның күдіктіні қорғағаны күдік тудырмай ма? Оның үстіне, бір жылдан бері мектеп бетін көрмей онлайн оқып, сабағы нашарлап кеткен оқушыға бөлінген ноутбук пен компьютерді «талан-таражыға» салу, бағасын шарыктату деген – «жығылған үстіне жұлдырық» болмай ма?

Білім саласына бөлінген бюджет қаржысын талан-
таража салған тағы 5 аймақ анықталып отыр. Соның
бірі — Солтүстік Қазақстан облысының білім бөлімі.
Олар кедей отбасындағы балаларға көмек ретінде
үкімет есебінен сатып алынған ноутбуктерді ұрлапты.
Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің
аса маңызды істер жөніндегі тергеушісі Данияр
Бөкайдаров «Олар пандемия кезінде аз қамтылған
отбасынан шыққан аудан мектептерінің оқушылары
үшін үкіметтің шұғыл шығындарға арналған қаражаты
есебінен білім басқармасы сатып алған ноутбуктердің
бір бөлігін ұрлады деген күдікке ілінді»,
— деп хабарлады. Оның айтуынша,
мемлекетке келтірілген шығын 12
миллион теңгелен асқан.

Енді қалғаны кедей-кепшіктің
несібесін жеу еді...



Сөз-Жебе

Дания ЕСПАЕВА,
Мәжіліс депутаты:



«Кейбір қоғамдық тамақтану орындары кешкі 20:00-ден кейін жабылуы тиіс. Кейбіреулерге түнгі 23:00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат. Жасыл аймаққа қарағанда қызыл аймақта ұзағырақ жұмыс істейді. Неге екенін, санитарлық дәрігерлер лық сы автобустың гөрі кафеде ауру дүпгі басым деп санайды.

Кешкі оннан кейін ғана вирус өршиді дей ме?
Бұл қандай ғылыми-зерттеуге негізделген шешім?
Одан да жабық нысанның уақытын емес,
сыйымдылығын шектеп, арақашықтықты сақтау
қажет».



**ЕКПЕ САЛАР АЛДЫНДА
МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕКСЕРУ ЖҮРГІЗІЛЕ МЕ?**



Екпе салар алдында медицина қызметкері егілетін адамды міндетті түрде қарап-тексереді. Медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайда сауыққаннан кейін ғана екпе салдырады.



14C

**COVID-19 ҒА ҚАРСЫ ВАКЦИНАЦИЯЛАУ
МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕГІ CALL ОРТАЛЫҚ**

WWW.HLS.KZ



Ханкелді ӘБЖАНОВ,
ҰҒА академигі

(Басы 1-бетте)

Еңбек инспекциясына барды. Ешқандай шешім болмады. Отыз үш мың теңге ақша ма, киінбейміз бе, тамақ ішпейміз бе?» — дейді күйзеліп.

1985 жылы мүгедек атанғаннан кейін қолына 186 сом тиетін. Оның 60 пайызын зауыт, мүгедектігі үшін 40 пайызын мемлекет төледі. Қазір зауыттың «өмір бойы төлейміз» деген қағазы жарамсыз болып қалған.

Біз Хандәулет аға еңбек еткен зауытқа бірге бардық. Алып нысанда бұрынғыдай қарбаласқан тіршілік жоқ. Кафелер, дүкендер, көлік жөндейтін нысандар қаздай тізіліп тұр. Карантин тұсында бәрі жабық. Бұрынғы зауытты таппадық.

Хандәулет аға протезін көрсетті. Иілмейді, зілдей. 35 жыл бұрын Семей протез зауытында жасалған. «Салмағы 3900 кило, ауыр. Таққан жоқпын» дейді.

Біз өтемақы дауымен құзырлы орындарға аттандық. Талдықорған қаласы зейнеткерлікті тағайындау бөлімінің есігін қақтық. Бұл мекеме ғимараттың екінші қабатында. Лифт, пандус жоқ. Қарттар, дімкөс немесе мүмкіндігі шектеулі жандардың бұл мекемеге қалай кіріп-шығатынын көзге елестете беріңіз.

Басқарма басшысының айтуынша, зауыттың Хандәулет ағаға ешқандай берешегі жоқ. «Зауыт бәрін дұрыс жасап кеткен. Олар 70 жасқа дейін төлеуге міндетті емес. Заң бойынша олар барлық талаптарды орындаған. Занда олар он жылға капиталдандыру жасайды деп жазылған. Олар 10 жылға капиталдандыру жасады», — дейді Маржан Мұрат.

Ал мемлекет оған 17 жылдан кейін ғана өтемақы төлейді. Хандәулет аға қазір 53 жаста.

— Бұл кісі сотқа шағымданып, талап етсе, осы сіз берген жауапты айта ма?

Маржан Мұрат: «Осы мен берген жауапты айтады. Бұл кісінің өзінің құқығы бар. Сотқа жүгінуге. Бірақ менің ойымша, таратылу алдында бұл заңды тұлға өзінің міндеттемесін заңға сәйкес орындап кеткен. Жабылғанда да сот арқылы жабылған. Мүгедектік мемлекет тарапынан бекітіліп берілген. Қайта қарауға негіз болса, оған қиындық жоқ. Біздің басқарма мұнымен айналыспайды. Бірақ заңгер ретінде негізгі нормативті заң талаптарын қарап бере аламын. Қазір басқарманың құзырында протезбен камту, шипажайға жолдама алып беремін», — деді.

Протез, шипажайға жолдама алу үшін медициналық тексеруден өту керек. Сондықтан Хандәулет аға медициналық сараптамадан өтеді.

ӨТЕМАҚЫ АЛМАСА, МҮГЕДЕК ҚАЛАЙ КҮН КӨРЕР?



Талдықорған қалалық зейнетақы тағайындау бөлімінің басшысы Гүлсара Токтарқызына сауалымызды қойдық:

— Компания банкротқа ұшырады. Оның орны да жоқ. Енді бұл кісіге ешкім өтемақы төлемейді. Не істеу керек?

Гүлсара Токтарқызының бізге берген жауабы мынадай:

— Менінше, бұл кісіге облыстық жұмыспен камту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасындағы еңбек дауларымен айналысатын бөлімге бару керек. Бұл мәселе біздің құзырымызға жатпайды.

Одан әрі Талдықорған қалалық медициналық әлеуметтік сараптамалық орталығының бөлім басшысы Гүлайым Қозыбасеваға жүгіндік. Ол базаны ашып көрді де: «Бұл кісіге өмір бойына үшінші топтағы мүгедектік тағайындалған. 1985 жылы шешілген, солай қалады, — деді.

Бұдан кейін Алматы облыстық еңбек инспекциясы басқармасына бардық. Алматы облыстық еңбек инспекциясы басқармасының бөлім басшысы Бауыржан Орманов:

— 2002 жылы жабылып кеткен мекемеге біз қалай тексеріске барамыз? — деп өзімізге сауал тастады. — Сонда бұл кісілердің құқығын кім қорғайды? — Сот органдарына бару керек.

— Сіз еңбек инспекциясының маманысыз. Сотқа барғаннан кейін әрі қарай бұл мәселе қалай шешіледі? Құқығын қалай қорғай алады? Кім төлейді? Бұл кісіге мемлекеттен өтемақыны қай мекеме төлеуге міндетті? — Ол жағына мен сізге жауап бере алмаймын. Жоқ мекемені қайдан табамыз? — деді бөлім басшысы.

«Жығылған күреске тоймас» дегендей Талдықорған қаласындағы Мүгедектер қоғамына бардық. Ұйым мүмкіндігі шектеулі жандардың құқығын қорғайды. «Ерлік» мүгедектер қоғамдық ұйымның төрайымы Роза Ақжеркенова:

— Өкінішке қарай, жұмыс орны банкротқа ұшыраса, ешқандай құқығы жоқ. Ол тек үкімет тарапынан жәрдемақысын, яғни 33 мың теңге алады, — деп түсіндірді.

— Бұл кісі үшінші топтың мүгедегі. Бір қолы жоқ. 33 мың теңге алады. Соған күн көруге бола ма?

— Оған күн көре алмайды. Барлығы қымбат қой.

Роза Ақжеркенова: «Бірінші, екінші топтағы өмір бойы мүгедектік тағайындалған адамдар үй кезегіне тұрады. Он жыл, он бес жыл өтсін, ол пәтер алады. Үшінші топ бұл тізімге кірмейді. Бізде протез өндірісі де мәз емес. Мына шетелде көресіз ғой, протезбен билеп те жатады. Суға да түсіп жатады. Бізге суға түспек тұрмақ, жүргенімізге тәубе дейміз. Протез киген соң жараға айналып кетеді. Ондай жұмысшы ешкімге қажет емес», — деп тағы бір түйткілдің басын ашты.

Өрмен қарай Алматы облысының жұмысты үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына келдік. Осы жерден бұл түйіннің шешімін табамыз деген үміт бар. Алматы облысының жұмыспен камтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Маржан Мұрат:

— Банкроттыққа ұшыраған заңды тұлғалардың тек қана өндірістік жаракат міндеттемелері мемлекетке жүктеледі. Сол үшін алдымен заңды тұлғаның бүгінгі күнгі жағдайын тауып алуымыз керек. Содан кейін бұл жұмысты бастауға болады. Егер керек десекіздер, біз өзіміздің құзыретіміздегі мәселені қарайық. Ол кісімен жолығайық, — деді.

Сараптамадан өту үшін жергілікті дәрігерлерден жолдама алу керек. Бірақ Өтенай ауылдық амбулаториясы кейіпкерді қабылдаған жоқ. Ешқандай жолдама бермеді. Қалалық емханаға жіберді. Емхана әкімшілігі травматолог дәрігерді шақырған соң, мәселе қас-қағым сәтте шешілді.

Талдықорған қалалық емханасы директорының орынбасары Роза Әжіхановадан: «Протезге тапсырыс беру үшін неше күн зерттеуден өту керек?» — деп сұрадық.

— Бұл кісі протезге тапсырыс беру үшін травматологқа келеді. Травмотолог қарап, бөрің 088У деген форма бар. Бүгін сол құжатты толтырып, медициналық сараптама орталығына жолдама береміз, — деп жауап берді.

Обалы не керек, басқарма жазда шипажайға жолдама беріпті. Ал протездің қашан берілетіні белгісіз. Құзырлы орындар кейіпкердің түйткілін тарс ұмытқандай. Хандәулет ағамен түсірілімді бытыр қыркүйек айында бастап едік. Содан бері 5 ай өтті. Мәселе шешілген жоқ. Себебі үкіметтің қаулысына сәйкес, өндірістік жаракат алғандарға 70 жасқа толғанша ешқандай өтемақы төленбейді. Ол үшін қаулыны өзгерту керек. Хандәулет аға «Жетпіс жастан асқаннан кейін маған қажеті қанша? Қазір балаларды өсіру керек» деп қынжылады.

2011 жылы 25 мамырда шыққан қаулыға сәйкес, өндірістік жаракат алғандар 70 жасқа дейін ешқандай өтемақы алмайды. Осы мәселеге қатысты Парламент мәжілісінің депутаты Ғазиз Құлахметке өтініш білдірдік. Ғазиз мырза мәселені анық-қанығын білу үшін Нұр-Сұлтаннан Талдықорғанға ұшып келді.

Ғазиз Құлахмет, Мәжіліс депутаты: «Парламент қабырғасында жеке санаттағы адамдардың мүгедектігі бойынша жаңа заң жобасының баптарына толықтырулар мен өзгертулер жасалмақшы. Қазір жұмыс тобының арнайы отырысы өтіп жатыр. Өзіңіз сияқты адамдардың проблемасын көрсету жұмыс тобында қаралған. Еңбек және әлеуметтік қорғау вице-министрі Әукенов мырзаға айтып жатқан дүниелеріңізді естіріп, жалпы үкіметтің позициясын білмек ойымыз бар. Мен депутаттық сауалымды



осы мәселеге арнамақпын. Заң қабылдаудың нормаларының ішкі ерекшеліктері, өз заңдылықтары бар. Уақыт керек. Мамандарды шақырып, бұл істің неге бұлай қалыптасқанын, қабылданған кезде қандай себептер болғанын аяражігін ашып алу керек. Мәселе он шешіледі деген үміттемін. Аманатқа қиянат жоқ. Мәселені шешуге бар мүмкіндіктерімізді пайдалануға уәде беремін», — деді.

Депутаттың осы сөзін естіген Хандәулет аға алдағы күнге үмітпен қарайды.

Жазира БЕГАЛЫ,
журналист

QOĞAM



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

ҚАНДЫ СҰЙЫЛТАДЫ ҚАЗАҚ ҒАЛЫМДАРЫ КОРОНАВИРУСҚА ҚАРСЫ ДӘРІ ЖАСАДЫ

(Басы 1-бетте)

Орталық директоры Жанар Жәніске хабарласып, ғылымдағы ақжолтай жаналықты өз аузынан естідік. Тоғыз ғалымнан құралған топ вирус жаппай тарап жатқан дәл қазіргі уақытта бұл қоспаның таптырмайтын ем екенін айтуда. Қоспаның құрамында түрлі емдік шөптер мен дәрумендер бар. Мәселен, жалбыз, қызылмия, қалампыр және түймедақ сияқты емдік өсімдіктер. Қазақ емішілігінде дәрі шөптердің пайдасы бұрыннан айтылады. Тіпті ел ішінде дәрі шөптермен ем-дом жасайтын дәрігер-емшілер әр өңірден кездеседі. Жас ғалымдар соны темірқазық ете отырып, өздерінің өнімін тек қана дәрілік шөптер мен емдік қасиеті бар өсімдіктердің қоспасынан жасап шығарған. Жанар Жәніс: «Тарихта оба сияқты індет тарағанда осындай шөптермен емдеген. Біз жасаған қоспа диабет, қан қысымы, демікпе сияқты ауруларға шипа береді. Коронавирустың ең қатерлі белгісі — індетпен ауырған адамның жаны қолданады. Біз жасаған қоспа қанды сұйылтады», — дейді.

Ғалым бұл дәрілік қоспаны былтыр қолға алыпты. Өзінің айтуынша, ол екі түрлі дәрі жасаған. Біріншісін жеуге болатын жеміс-жидек шөптерінен жасапты. Оны вирусқа, тұмауға қарсы қабылдауға болады. Соны жасағаннан кейін ғалымға тапсырыс берушілер көбейген. Сөйтіп ол екіншісін қолға алады. Оны шөптік дәрілерден жасаған. Ұнтақ қоспаны суға араластырып іше

береді екен. Өнімділігі өте жоғары көрсеткіш беріпті.

Ғалымдар тәжірибе барысында өздері өндірген қоспаны демікпесі бар отыз шақты адамға ішкізіп көріпті. Дәрі барлығына жақсы әсер еткен. Бұл туралы ғалым былай дейді: «Әкем жаздай ауырды. Өзіміз жасаған қоспаны әкеме берген едім, ол «отыз жылғы қақырығымды шығарды ғой» деді. Дәрілік қоспаны ауырған адам өзінің сырқатына қарай пайдалану керек. Мысалы, қарсылық қуаты жоғары жастар 3 күн ішкенде жазылып кетуі мүмкін. Ал созылмалы ауруы бар адамдар мен үлкен кісілер он күнге дейін қабылдайды».

Жобаны ары қарай Америка ғалымдарымен бірге жетілдіріп, зерттемекші. Қазіргісі биологиялық қоспа болса, келешекте оны дәрі түрінде жасайды. Жанардың өзі ұзақ жылдар бойы Қытай мен Жапонияда болып, білімін жетілдіріп келген. Сондықтан «бізде ғалым жоқ, ғылым нашар» деген жел сөзді қою керек. Барды бағалаған артық етпейді. Жанардың өзі дәрілік тізбегін жасап берген ғалымдардың жұмысына Америка мамандары жоғары баға берді.

Айтпақшы, аты жаман тұмау басталған уақытта Америка ғалымдары ковидті емдеу үшін жусаннан жасалған дәрі-дәрмектің көмектесетінін айтқан болатын. Іле-шала Қытай ғалымдары құрамында жусаны бар дәрі жасауды қолға алған.

Жарас КЕМЕЛЖАН

Футбол

ЖАНКҮЙЕР ЖЕҢІЛГЕНДІ ҚАЛАЙ МА?

Келесі жылы Катарда футболдан кезекті әлем чемпионаты өтеді. 2022 жылы 22 мәрте өткізілетін әлемдік додаға іріктеу матчтары басталып та кетті.

Қазақстан ұлттық құрамасы әлемдік аламанға қатысу мүмкіндігін D тобында екі дүркін әлем чемпионы атанған Франция, Украина, Финляндия, Босния және Герцеговина құрамаларына қарсы ойнап таласып көреді.

Талғат Байсуфинов баптайтын ұлттық құрама ойыншылары іріктеу кезеңі аясында екі матч өткізді. Екеуі де жауапты, өте маңызды ойын.

28 наурыздың кешінде Нұр-Сұлтан қаласындағы «Астана-Арена» стадионында Франция ұлттық құрамасын қабылдап, 0:2 есебімен есе жіберді.

Одан кейін іле-шала Украина астанасында Украина ұлттық құрамасына қарсы ойнап, 1:1 есебімен тең түсті. 2016 жылы да ұлттық құраманың бас бапкері қызметін атқарған Талғат Байсуфиновке екінші мәрте бас команданы баптау мүмкіндігі бұйырғалы жігіттерде өсу бар. Бұған дейінгі сырттан келген легионерлерге арқа сүйеп, соларға әуестік азайғандай қазір. Есесіне, ұлттық құраманың жейдесін киюші жастардың (*әсіресе қарақөздер*) да шоғыры қалындағаны қуантты. «Өзінен тумай үл болмайтынын» біздің футболшылар Киевтегі «Олимпийский» стадионында әйгілеп берді.

Екі матчтан кейін қостанайлық «Тобыл» мен ұлттық құраманың ойыншысы Сергей Малайдын Meta-ratings.kz порталы сұхбат алыпты. Сұхбаттың негізгі желісі осы екі ойын төңірегінде, футбол инфрақұрылымының айналасында өрбиді. Сергей Малай әлем чемпионатына іріктеу аясындағы тартыста сөз жоқ, барын салып ойнады. Тіпті «Астана Аренада» әлем чемпионы Франция құрамасына қарсы ойынның 43-минутында Марсаль есепті еселер сәтте осы Малай тойтарды. Ал одан кейінгі автоголы ақтап алар іс емес, әрине.

«Біз барымызды салып ойнаймыз, бірақ кейбір жанкүйер кері тартып жеңілгенімізге қуанады. Біздің өреміз осындай тегеурінді командаларға төтеп беру арқылы өседі. Үйренеміз, кем-кетігімізді бүгіндейміз. Бірақ көрермендердің көпшілігі жеңілгенімізді тілеген сынай танытып, қарсыластың ұтқанына қуанады. Осындай кереғар пікірлерді оқығанда көңілің құлазиды. Камшылау керек, әрине, бірақ желкелеп жүндей беруге болмайды» депті Сергей Малай.

Әлем чемпионы Дилъе Дешам баптайтын Франция ұлттық құрамасы ойыншыларының Қазақ жеріне жетпей-ақ дақтырты басым болды. «Жер түбіне келдік» деп те жатты. «Астана-Арена» стадионының жанды қоғалын да қосынды. Кысқасы, француздар бас қалада барын салып ойнаған жоқ.

18-ден асқан ойыншыларды да құрама қатарына қосқан бапкер Талғат Маруанұлының тәжірибелі футболшыларға да сауын айтып шақыртуы он нәтижесін берді. Мәселен, Франция құрамасына қарсы ойында қақпаны қорыған Александр Мокин. Рас, Осман Дембеленің (*19-минутта*) және Сергей Малайдың (*44-минутта*) автоголын қайтаруда әбжілдік танытқан жоқ. Ал Килиан Мбаппенің пеналтың

қайтарды, одан кейін де бірнеше шабуыл кезіндегі соккыны жібермеді. Жасы қырыққа таяған қақпашы осылай ұлттық құрамаға бекер қайта оралмағанын дәлелдеді.

Украина ұлттық құрамасына қарсы матчта біздің жігіттер ұпай олжалау қолдарынан келер іс екеніне көз жеткізді.

Матч алдында Андрей Шевченко біздің жігіттер жайында жылы пікір айтқан-ды. «Қазақстан құрамасының қорғанысы қуатты, жинақы ойнайды» деген рәуіште пікір білдірген. «Екі бүктеп жүта саламыз» деп қокіланған жоқ. Мүмкін құраманың белді ойыншылары жаракатына байланысты, басқа да себеппен алаңға шықпайтындықтан арық сөйлеген шығар. Есесіне, біздің футболшылар ес жиып ойнады. 20-минутты Роман Яремчуктің соккан голына 59-минутта Серікжан Мұжыков қарымтасын қайтарып, еншісіне гол жазды. Франция құрамасының



тыз етпе желаяқ ойыншыларының шапшандығына ілесе алмай қиналған футболшыларымыз Украинада қолтығын сөге көсілді. Асып-сасқан жоқ, алақтап абыржымады. Қорғаныста да жинақылық танытты. Ян Воровский бастап әкелген шабуылды қайталап қарасаныз, жігіттердің ойын өресі өсіп келе жатқанын бағамдайсыз. Ян команда капитаны Азат Нұрғалиевке пас береді, ол өзі тепсе де болар еді, бірақ алдында топырлап қорғаушылар тұрғандықтан Серікжанға сырғытты. Сол иығына қарай созыла түскен Мұжыков алдына келген допты шиыра теуіп қақпада тулатты.

Андрей Шевченко осы матчтан кейінгі онлайн өткен конференцияда бүй деді: «Біздің футболшыларға бірнеше мүмкіндік туды гол соғатын. Бірақ бұйырмады. Есесіне, Қазақстан ұлттық құрамасы бізді ондырмай жазалады. Кателіктен сабақ алу маңызды екенін осы матч әйгілеп берді».

Ұлттық құраманың жейдесін киген әрбір футболшы алаңға алаштың намысын арқапал шыққанын сезініп, ширығып ойнаса, алынбайтын қамал жоқ.

Тағы бір ақжолтай ақпар «Астана-Арена» стадионында өткен матчтағы хабарландыру алдымен ана тілімізде одан кейін тек ағылшынша айтылды. Футболшылар Киевке кеп қонғанда да әуежайдан қазақша «қош келдіңіздер» деп хабарлап айтып қарсы алды.

Әлем чемпионатына іріктеу турында екі ойын өткізіп, 1 ұпай олжалаған біздің құрама әзірге көш соңында тұр. Топ басында екі дүркін әлем чемпионы Франция құрамасы, 7 ұпайы бар. Украина футболшылары 3 матчта тең ойнап, 3 ұпаймен екінші келеді. Финляндия футболшыларында 2 ұпай, Босния мен Герцеговина құрамасында 1 ұпай.

Ұлттық құрама ойыншылары келесі матчты 1 қыркүйекте өз алаңында өткізіп, Украина футболшыларын қабылдайды.

Қуаныш PAXMET

30 QARYSTY QADAM



Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған *Jas qazaq* газетінің арнайы жобасы. Егемен елдің қалыптасу тарихынан сыр шертетін жоба экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізген қарышты қадамдар туралы баяндайды.

КАПИТАЛ НАРЫҒЫН ҚҰРУ

Еліміз ХХІ ғасырға еңсесін тіктеп, әжептәуір қонданған кезінде аяқ басты. Қиын-қыстау жылдар бірте-бірте ұмытыла бастады. Әлемдік нарықта мұнай бағасы шарықтап, қазынаға қаржы тоқтамай саулады. Бірақ босансаңа әсте болмайтын еді. Тек шикізатқа иек артқан мемлекеттің шонқиып қалатынын 2007-2008 жылдардағы әлемдік дағдарыс тағы бір көрсетіп берді. «Қара алтын», «көгілдір отын», бағалы металл байлық пен әл-ауқаттың өлшемі болудан қалып барады. Бұдан былай капитал нарығы, озық технология мен инновация үстемдік құрады. Қазақстан да өркениет көшінен қалып қоймауы керек.

Елбасы жаһандық жаңа сын-қатерге қарсы тұрудың бірден-бір жолы ретінде 2015 жылы Астана Халықаралық қаржы орталығын (АХҚО) құру туралы идеяны ұсынды. Орталық Азия елдері, Кавказ, ЕАЭО, Батыс

Қытай, Монғолия, Таяу Шығыс пен Еуропа экономикасын бір-біріне жалғауды көздейтін бұл жобаның ғаламат екені сөзсіз. Алайда аяқ астынан пайда болған жоқ. Жас мемлекет тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында-ақ халықаралық қаржы институтын құру қажеттігін жете түсінді. 1995 жылы Елбасы Алматыда аймақтық қаржы орталығын құру туралы бастама көтерді. Сөйтіп 2006 жылы Алматы аймақтық қаржы орталығы (ААҚО) өз жұмысын бастады. Оған отандық құнды қағаздар нарығының халықаралық капитал нарығымен кірігуін қамтамасыз ету, шетел инвесторлары мен эмитенттерді тарту, жаңа қаржы құралдары мен қор технологияларын енгізу, инвестиция мәдениетін арттыру міндеттері жүктелді. Осы орталық отандық банк пен қаржы жүйесінің дамуына белгілі бір дәрежеде ықпал етті. Дегенмен



«СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАДА ТИІМДІ ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ ИНСТИТУТТАРДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІНЕ КӨЗ ЖЕТКІЗДІК. ДУБАЙ, СИНГАПУР, ГОНКОНГ ЖӘНЕ БАСҚАЛАРДЫ ҚОСА АЛҒАНДА, ӨРТҮРЛІ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ МЕН ЖҰМЫС ІСТЕУІНІҢ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕСІН МҰҚИЯТ ЗЕРДЕЛЕДІК. АХҚО-НЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МОДЕЛІ ОСЫНДАЙ ҚҰРЫЛЫМДАРДЫҢ ЕҢ ҰЗДІК ТӘЖІРИБЕЛЕРІН БАСШЫЛЫҚҚА АЛҒАН. ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ РЕЗИДЕНТТЕРІМЕН ДЕ, РЕЗИДЕНТ ЕМЕС СУБЪЕКТІЛЕРМЕН ДЕ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН БОЛАДЫ. АХҚО ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАР ҚАЗАҚСТАН МЕН ӨНІРДІҢ ҒАНА ЕМЕС, СОНДАЙ-АҚ БҮКІЛ ӘЛЕМНІҢ КАПИТАЛЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗЕ АЛАДЫ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ АХҚО-ҒА ТАРТУ ҮШІН ПОСТКЕҢЕСТІК КЕҢІСТІКТЕ ТЕҢДЕСІ ЖОҚ БҰРЫН-СОҢДЫ БОЛМАҒАН ЖАҒДАЙЛАР ЖАСАЛДЫ».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,
Қазақстанның Тұңғыш Президенті

ол қаржы нарығына қатысушылар тарапынан жиі сынға ұшырады. Сол кезде Ұлттық банкті басқарған Қайрат Келімбетов мемлекеттік органдардың орталықтың дамуына жеткілікті түрде қолдау көрсетпейтін мен 2007-2008 жылдардағы қаржы дағдарысы кедергі келтіргенін алға тартады.

Сондықтан қаржы орталығын қайта құрып, оның қызметін Елордада жүргізуді көздейтін саяси шешім қабылданды. Ең алдымен әлемдік заңнама стандарттары енгізілді. Олар — ағылшын правосы, тәуелсіз сот, тәуелсіз судьялар, тәуелсіз арбитраж. Сонымен қатар ААҚО-ның кемшіліктері ескерілді. Халықаралық қаржы орталығы астанада мүлде жаңа шарттармен іске қосылды.

2018 жылы шілдеде «Астана» халықаралық қаржы орталығы ашылды. Орталықтың қызметін халықаралық дәстүрге сәйкес гонг соғып ашқан Елбасы былай деді: «АХҚО — тәуелсіз Қазақстан тарихының жаңа кезеңі. Қазақстандық үлгі әлемдік қаржы құрылымдарының ең озық тәжірибесін алды. Қатысушыларға 50 жылға дейін салық жеңілдігі, сондай-ақ жеңілдетілген валюта, виза және еңбек режимдері ұсынылды. Бұл — жұмысы ағылшын құқығына негізделген аймақтағы жалғыз орталық. Оның құқықтық мәртебесі Конституциялық заңмен бекітілген, ал ресми тілі — ағылшын тілі. Тәуелсіз сот пен халықаралық арбитраж орталығы әділдік пен тараптар құқығына кепілдік береді. АХҚО-ның жұмысында корпоративтік басқару қағидаттары сақталатын және инвесторлардың мүдделері қорғалатын болады. Осының барлығы сенім мен ынтымақтастық үшін қажетті қолайлы ортаны қалыптастырады».

АХҚО — Гонконг пен Дубай арасындағы кеністік жалғыз халықаралық қаржы орталығы. Лондон, Гонконг, Сингапур және БАӘ ғаламдық қаржы қоғалысын басқаратын нарық механизмі арқылы бизнес пен мемлекеттік инфрақұрылым жобаларына инвестиция тартып отыр. АХҚО өз қызметінде осылардың тәжірибесіне сүйенеді.

АИХ Басқарма төрағасы Тим Беннеттің айтуынша, нарықты дамыту үшін жергілікті және шетелдік инвесторлар сауда-саттық жасай алатын қор алаңын құру керек болды. Өйткені бұл Қазақстандағы жеке меншік секторға керек. Ол шетелдік инвестиция арқылы келеді. Ал елдегі банктер экономикаға қаржыны аз салатын болды. Тікелей шетелдік инвестицияның көлемі кеміді. Сондықтан әлеуеті мол шетелдік инвестор қажет. АХҚО-да биржа құру үшін шетелдік инвесторға түсінікті орта қалыптастырған жөн. Бұл орта жергілікті инвесторларды да қолдауы тиіс. Осы мақсатта алдымен инфрақұрылым мен технологиялық платформа жасалды.

АИХ – ҒАЛАМДЫҚ БИРЖА

Орталықтың кіндірі — Astana International Exchange (AIX) қор биржасы. NASDAQ, Goldman Sachs, Жібек жолы қоры және Шанхай қор биржасымен серіктестік негізінде құрылды. Сөз арасында айта кетейік, жоғары




Адина Фридман



AIX




АХҚО қатысушылары төлеген салық (KZT)



Инвестиция (\$)



AIX листинг (\$)



AIX серіктестері



технологиялық компаниялармен жұмыс істейтін NASDAQ президенті Адина Фридман әу бастан «көкжиегі кең» деп АХҚО-ға зор үміт артты. Еуразия жүрегінде орналасқан Қазақстан нарығы бұл компания үшін аса тартымды. Өйткені Франкфурт пен Шанхай арасындағы кеңістікте халықаралық ауқымдағы биржа жоқ. 2018-2019 жылдары АИХ алаңында «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық компаниясы IPO арқылы алғаш рет 64,3 млн долларға тең акцияларын нарыққа шығарды. Содан кейін 65,3 млн долларлық акциялары инвесторларға ұсынылды. 2020 жылы Ұлттық компания тағы да акцияларын шығарып, Лондон қор биржасы мен «Астана» биржасында жалпы көлемі 211,7 млн доллардың құнды қағаздарын сатты. Соның ішінде 74,7 млн доллары АИХ биржасына тиесілі болса, оның 32,5 млн АҚШ долларлық акцияны

шетелдіктер, қалғанын Қазақстан азаматтары сатып алды.

Бүгінде Астана биржасының ресми тізімінде 60-тан астам құнды қағаз бар. Эмитенттерге қойылатын талап Лондон қор биржасындағыдай. АИХ-те құнды қағаздарын Ұлттық «Қазатомөнеркәсіп» компаниясынан басқа Kaspi.kz, Halyk Bank, Ferro Alloy, «Кселл» сияқты ірі эмитенттер орналастырылды. Ірі тау-кен, мұнайгаз, көлік, ақпараттық-коммуникациялық және басқа да Ұлттық компаниялардың акцияларының IPO-ға шығару жоспарланған. Бұл, ең алдымен, «Қазателеком», «Қазатомөнеркәсіп», «Эйр Астана», «ҚазМұнайГаз», «Қазақстан Темір Жолы» және Қазпошта болмақ. Өткен жылғы коронавирус пандемиясы бұл жоспарды кейінге шегертті.

АИХ 2019 жылы 217 млн доллар акционерлік капитал тартып, елдегі бүкіл қор нарығының үш жылдық көрсеткішінен асып түсті.

2020 жылғы пандемияға қарамастан, АИХ-тегі сауда келісімінің айналымы біршама өсті. Өткен жылғы қыркүйекте ол 5,4 млн долларды, қазан айында 3,9 млн долларды құрады.

Быттыр Астана биржасы орта бизнеске де мән бере бастады. Аймақтық акциялар нарығы (REMS) сегменті іске қосылды. Мұнда «ЦентрКредит» банк алғашқы эмитент атанды.

Быттырғы қазан айында Kaspi.kz Лондон және АХҚО биржасына IPO-сын шығарды. Компания 1 млрд доллардан астам қаржы тартып, бүкіл Қазақстан тарихындағы ең қымбат компанияға айналды. Бұл нарықтағы іс-қимыл үлгісін өзгергенін дәлелдейді. Компаниялар жаңа қаржы өнімдерінің құндылығын сезіне бастады.

«ЖАСЫЛ» ҚАРЖЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ

АХҚО жанынан құрылған Жасыл қаржы орталығы даму институты ретінде «жасыл» облигациялардың әлеуетті эмитенттеріне кеңес беру қызметін ұсынады. Орталық — «жасыл» қаржыландыру құралдары мен стандарттарын енгізетін тиімді алаң. Мәселен, 2020 жылдың тамыз айында «Даму» қоры БҰҰ Даму бағдарламасы аясында 200 млн теңгеге «жасыл» купондық облигациялар шығарды. Бұл шағын және орта бизнестің баламалы қуат көздеріне қаржы салуын жеңілдетеді.

ИСЛАМ ҚАРЖЫЛАНДЫРУЫ

АХҚО ислам қаржыландыру жүйесінің аймақтық хабына айналуы көздейді. Орталықта быттырғы ақпанда Al Rayan Bank (Қатар) тіркелді. Аталған банк — осында тіркелген алғашқы цифрлық қаржы институты. АИХ-те Лондон қор биржасында 500 млн долларға шығарылған Qatar International Islamic Bank-тің ислам құнды қағаздарының кросс-листингін жүзеге асты. Бұл АИХ биржасындағы сукук ислам қарыз құралының исламдық қаржыландыру талаптарына сай алғашқы орналастырылуы. Қазір АХҚО-да Ұлыбритания, АҚШ, Малайзия, Бахрейн, Катар, Ресей мен Қазақстаннан ислам қаржы қызметін ұсынатын 27 компания тіркелген. Орталық қызметіне ЕАЭО шеңберінде құрылған Еуразия даму банкі де қызығушылық танытып отыр.

АХҚО географиялық орналасуын пайдаланып, Орталық Азия, ЕАЭО, Кавказ, Таяу Шығыс елдері нарығына жол ашады. Еліміз «Бір белдеу, бір жол» жобасының жаһандық трансұрлықтық бағытындағы маңызды бөлігі екенін ескерсек, АХҚО Батыс Қытай, Монғолия және Еуропа елдері арасындағы бірден-бір қаржы-экономикалық көпірі болмақ.

СЕНІМДІ ИНВЕСТИЦИЯ КӨЗІ

Әлемдік экономика инвестицияға зәру. Әсіресе, бұл пандемиядан қатты зардап шеккен мемлекеттердің экономикасы үшін тағдыршеш міндет. Ендігі жерде қазба байлыққа емес, жасыл экономика, цифрландыру, озық технологияға арқа сүйейтін заман келді. Содан болар, жуырда Түркітілдес мемлекеттері басшыларының бейресми саммитінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бауырлас елдерді жасанды зердені (интеллект) дамыту, ауқымды деректерді талдау, цифрландыру, интернет-сауда сияқты салалар бойынша ортақ жобаларды жүзеге асыруға шақырды. Сондай-ақ АХҚО-ның инвестиция тартудағы зор мүмкіндігін пайдалану қажеттігіне тоқталды.

Мемлекет басшысы: ««Астана» қаржы орталығы — халықаралық деңгейдегі қаржы институттарының үздік тәжірибесі мен заманауи мүмкіндіктерін біріктірген бірегей алаң. Мұнда ислам банкингі және сукук құралдары кенінен қолданылады. Бұл ұйым түркі елдеріне кең көлемде инвестиция тартуға жол ашатын ерекше құрылым болмақ», — деді.

Құрылғанына көп уақыт өтпесе де, АХҚО халықаралық деңгейде мойындалып үлгерді. 2020 жылы қаржы орталықтарының жаһандық индексында 108 елдің ішінде 72-ші орынға жайғасты. Мұны ауыз толтырып айтарлық нәтиже деуге толық негіз бар.

Гүлнар АХМЕТОВА

Айдың арғы беті

Инвестиция «ықпал соғысының» құрбанына айналып барады. Қытай қаржысы бізге көлмей, Өзбекстан мен өзге елдерге кетіп жатыр. Синофобия («қытай қаупі») кесірінен Қазақстан жүздеген миллион доллардан қағылуда. Саясаттанушы Марат Шибұтов осындай тосын тұжырым жасапты. Тосын дейтініміз, әлеуметтік желі мен кейбір сайттарда сарапшы мен блогерлер қалыптастырған қоғамдық пікір қит етсе, қытай «экспансиясымен» қорқытуға дайын. Бұл істе шетелден грант алатын ұйымдар, «шекарадан жасырын өттік» дейтін қайсыбір қандастар, Қытайға қарсы ақпараттық соғыс жариялаған Батыстың хабар-ошар құралдарына жұмыс істейтін журналистердің ерекше белсенді екенін жұртшылық жақсы біледі.

М.Шибұтов Ұлттық банктің дерегіне сүйене отырып, соңғы 16 жылда шығыста көршімізден келген инвестицияның 19,5 млрд доллар екенін хабарлайды. Бұл – Нидерландтар, АҚШ және Швейцариядан кейінгі төртінші көрсеткіш. Қытайдың ел экономикасына



М.Шибұтов

үсті-үстіне қаржы салуы (жылына 1 млрд доллардан астам) 2009 жылы басталды. Сарапшы Аспан асты елінің сол кезде дағдарыстан зардап шеккен Қазақстанға қолдау көрсеткенін еске салады. Айта кеткен жөн, АҚШ пен Еуропаның алпауыттары табысы көл-көсір шикізат секторына қаржы құйып, пайдаға кенеледі. Қазба байлық (*көмірсутегі*) өндірісінен өзге жерде оларды кездестірудің өзі екіталай. Ана бір жылы қытай елшісінің «Қазақстанда жол салған американ компаниясын көрдіңіз бе?» дейтін сауалды төтесінен қоюы да бекер емес. Ал оның отандастары еліміздегі мұнай-газбен қатар, электр қуатын өндіру, өңдеу өнеркәсібі, көлік тасымалы, логистика, инфрақұрылым (*Батыс Еуропа-Батыс Қытай тас жолы*) сияқты көптеген салаларға қаржы салды.

МАҒРҰПТАН – МАШРИҚҚА

Ғаламдық экономиканың өркендеу бағыты Батыстан Шығысқа қарай ойыса бастады. Мұны бір кездегі өркениет бесігі болған «Азияға қайта оралу» деп те жүр. Осы беталыста ежелгі Жібек жолы бойындағы сауда-саттықты, өзара тиімді жобаларды іске асырған «Бір жол, бір белдеудің» орны айрықша. 2013 жылы Қазақстан астанасында жарияланған осы бастаманы АҚШ-тың Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қазіргі G-7 елдерін қалпына келтіріп, экономикалық қуатын еселеген «Маршалл жоспарымен» де салыстырып жүр. Бірақ «Бір жол, бір белдеудің» ауқымы кеңірек. Ол Орталық Азия, Еуропа және Африканың 60 мемлекетіндегі сауда-көлік дәлізін (*логистика*) жақсартуды көздейді. Әлемдік жалпы ішкі өнімнің 40 пайызын өндіретін 163 мемлекет осы жобадағы әр түрлі бағдарламаларға қатысып жүр. Былтырғы маусым айындағы көрсеткішке сәйкес, жалпы құны 2,3 трлн долларға жететін 1,8 мың жоба қолға алынды.

Әрине, геоэкономикадағы мұндай түбегейлі өзгеріс әлемдегі ең бай әрі экономикалық әлеуетімен көш бастап тұрған Американы алаңдатпай қоймады. Бір ерісті дүниені уысынан шығарғысы келмеген АҚШ көп күттірмей Қытайға қысымды күшейтті. Бұл ең алдымен сауда соғысы арқылы көрініс тапты. Айта кеткен жөн, 70-80-жылдары жапондар таңғажайып теледидары, жұрттың



қолы жете бермейтін видеомагнитофоны, сапалы автокөлігімен жер жүзін жаулап, тіпті Американың өзінде жергілікті тауар өндірушілерді ығыстыра бастады. Сол кезде американдықтар қосымша баж салығын енгізу, демпингке қарсы амалдар арқылы тегеурінді бәсекелестің арынын баса білді. Оның үстіне Күншығыс елі өзінің сенімді одақтасы болғандықтан, саудадағы текетірес үлкен соғысқа ұласа қойған жоқ.

Ал Қытайдың жөні басқа. Жалпы ішкі өнімнің жекелеген түрлері бойынша анау-мынау емес, Американың алдын ораған ел. Мұраты – «Бір белдеу, бір жол», 5G байланыс жүйесі, ғарышты игеру, заманауи технологиялары, жасанды интеллект, цифрлық ақшасы арқылы XXI ғасырдың қуатты мемлекетіне айналу.

COMMENT

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

ja5

жасайды. 2014 жылға дейін негізгі клиенті Ресей еді. Тапсырыс беру тоқтаған соң зауыттың жағдайы нашарлай бастады. Қытай компаниясы алдымен өндірісті қаржыландыруға деп 100 млн долларды 0,3 пайызбен 10 жылға береді. Кәсіпорынның акцияларын сатып алу үшін тағы 150 млн доллар қуяға келіседі. Бірақ көп өтпей, украин билігі зауытты мемлекет меншігіне қайтаруды көздейтін шешім қабылдайды. Skyrizon Aircraft Holdings енді өтемақы ретінде 3,6 млрд доллар талап етіп, сотқа шағымданып жүр. Ресми Бейжін Киевтен компанияның құқығын қорғалуын талап етті. Осы оқиға онсыз да қарызы бастан асып, шетелдік кредитпен күн көріп отырған елдің беделіне зор нұқсан келтіргені белгілі. Тіпті Украинада реформа жүргізуге барған Михаил Саакашвили инвесторды бұлай «лақтырып кету» өзі отырған бұтақты өзі кескенмен бірдей деген пікірде.

АҚШАҒА САЯСАТ ЖҮРМЕЙДІ

Түркия әлгі «Бір жол, бір белдеу» арқылы Қытайдан келетін тікелей инвестицияны

қаржы қажет. Қытайлар оның техникалық-экономикалық дәйектемесін дайындау үшін қырғызға 20 млн юань да берген. Бірақ іс орнынан қозғалмады. Елге онсыз да тамтұмдап келетін инвестиция легі де кесілді. Сарапшылар мұны Алатаудың арғы жағында жиі бұрқ ететін түрлі-түсті төңкеріспен, саясаттың экономиканы ығыстыруымен, көршілермен байланыстың бұзылуымен, сондай-ақ «қытай қаупімен» қорқытқысы келетін бейресми ұйымдар мен ақпарат құралдарының ықпалының күшеюімен түсіндіреді. Сондай белсенділердің қытай компанияларын елден кетіруді талап етіп, шеру ұйымдастырғаны да белгілі. Бұл құбылыс бүгінде екпе «соғысында» да көрініс табуда. Өткен аптада Елена Баялинова дейтін медиасарапшы «қырғыз дипломаты қытай вакцинасын салдырғаннан көз жұмды» деген ақпаратты таратып жіберді. Үкімет пен қытай елшілігі мұны жокқа шығарды. Осыдан кейін блогер ханым да бастапқы пікірін өзгертіпті.

Бүгінгі ресми Бішкек ең алдымен көршілермен тату болу керектігін, алпауыт мемлекеттер арасындағы текетіресте біреудің шашбауын көтеріп, оның бәсекелесіне

қарай лақтырған тастың айналып келіп өзіне тиетінін түсінетін сияқты. Қырғыз бен өзбек арасында талайдан бері күрмеуі көп түйінге айналған шекарадағы жер дауы ойдағыдай шешілді. Мұндай ұстаным аймақ мемлекеттері тарапынан қолдау тапты. «Бір жол, бір белдеу» бастамасына қатысу елге игілік әкелетінін түсінген өзбектің әлгі теміржол құрылысына қаржы бөлемін деуі осыдан. Өзбек елі өзара тиімді экономикалық жобаларға айрықша ықылас танытуда. Мұны швейцариялық әйгілі баспагер-инвестор Марк Фабер де растайды. Ол «Өзбекстанға инвестиция құйған бір компанияның басқару кеңесіндемін. Ол жерге салған қаржымыз үш айда 20 пайызға еселенді», – дейді. Өткен айда Ресей мен Қырғызстан президенттері Талас облысындағы Жеруі кенішінде орналасқан алтын рудасы комбинатын іске қосты. Ресейлік компанияның осы жобаға салатын қаржысы – 600 млн доллар. Бұдан бөлек, алтын қоры жүз тоннаға жететін кенішті пайдалану лицензиясы үшін 100 млн доллар төлейді.

СИНОФОБИЯ: КІМГЕ ТИІМДІ, КІМГЕ ЗИЯН?



КОЛОЖЕ: ЕКА МЕБА


«МОТОР» БАР, АҚША ЖОҚ

Мұндай жағдайда Бейжінді тек саудадағы шектеумен тежеу мүмкін емес. Сондықтан Американың саяси технологтары демократия қағидалары мен адам құқығын қорғау, синофобия сияқты үйреншікті «қаруына» жүгінді. Сөзі өтетін жақтастарын қытай инвестициясынан бас тартуға шақырды. Оған құлақ асқандардың бірі – Украина. Ресеймен ат құйрығын үзіскеннен кейін бұл елдің Батыстан қаражат ағылады деген үмігі зор еді. Бірақ олай болмады. Қытайдың Skyrizon Aircraft Holdings компаниясы бес жыл бұрын Запорожьеде орналасқан «Мотор Сич» компаниясын алған болатын. Толық жекешелендірілген кәсіпорын түрлі ұшақ пен тікұшақтарға қозғалтқыш, өнеркәсіпке газ турбинысы қондырғыларын

көбейтті. Қазірге дейін оның көлемі 4 млрд долларға жакындады. Таяуда Xiaoми компаниясы Ыстамбұлда ақылды телефон шығаратын құны 30 млн долларлық зауыт ашты. Кәсіпорын 2 мың адамды жұмыспен қамтамасыз етеді. Бұл ел АҚШ пен Еуроодақтың НАТО-дағы сенімді одақтасы. Алайда басқа салаларда дәл бұлай жақын емес. Өндіріс орындарын ашу, әсіресе, жастарды жұмыспен қамту үшін ұдайы инвестиция қажет. Түріктер халықаралық банктердің зілбатпан несиесіне байланған кезенді, үкіметті жеті рет басқарған Сүлеймен Демирелдің «Түркия 70 цент инвестицияға мұқтаж» дейтін сөзін ұмытқан жоқ. Содан болар, Батыс Шыңжаңдағы «ұйғыр проблемасын» көтеріп, аттан салғанда айқайға кику қоспады. Дегенмен Қытай сыртқы істер министрі Ван И ресми сапармен Анкараға барғанда сол аймақтағы мұсылмандар мәселесіне айрықша көңіл бөлетінін жеткізді. Күні кешеге дейін көп дүниені сырттан сатып алатын түріктер экономикада тәуелсіздікке қол жеткізбей, саяси егемендіктің тұғыры солқылдақ болатынын жақсы біледі.

ТҮРАІ-ТҮСТІ ТӨҢКЕРІС ЕМЕС, ӨРКЕНДЕУ ЖОЛЫМЕН

Біздің бір сайт жуырда «Тағы бір халықаралық бағыт Қазақстанды айналып өтеді» деген тақырыппен ақпарат жариялады. Онда өзбек үкіметінің қырғыз жері арқылы Қытайға апаратын жолды өз қаржысына салып беретіні айтылған. Бұл жерде әңгіме Әндіжан-Ош-Қашғар теміржолы құрылысы жөнінде. Үш ел аталған жоба бойынша келісімге сонау 1997 жылы қол қойған. Таулы-тасты жерде 48 жер асты жолын салуды көздейтін жобаға қыруар



Марк Фабер

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев үкімет алдына шетелден жыл сайын 30 млрд доллар тікелей инвестиция тарту міндетін қойды. Пандемия басталғалы оның көлемі азая түсті. Қазір кейбір жобаларды халықаралық банктерден алған кредитпен жүзеге асырмақшы. Инвестиция сияқты емес, үкіметтің кепілдігімен алынатын мұндай несиенің ертен қазынаға салмақ салатыны, мемлекеттің сыртқы қарызын одан сайын көбейтетіні белгілі. Ал Батыс компанияларының өндіріске қаржы салмағанына да біраз болып қалды. Ендігі үміт Азия мен Ресей, Түркия секілді елдердегі инвесторларды. Мемлекет басшысы өткен жетіле Қазақстанның ұзақ мерзімді стратегиялық серіктесі, экономикалық қуаты жағынан әлемде екінші орында тұрған Қытаймен өзара тиімді ынтымақтастық біздің еліміз үшін пайдалы әрі мемлекетіміздің ұлттық мүддесіне сай екенін атап өтті.

Пандемиядан соң өзгерген бүгінгі әлемдегі ахуал Батыспен де, онымен текетіреске түскен Қытай және Ресеймен де тепе-тең қарым-қатынас орнатуды талап етіп отыр.

Срайыл СМАЙЫЛ,
экономикалық шолушы



МЕНІҢ ВАКЦИНА АЛҒЫМ КЕЛЕДІ. ҚАЙДА БАРУЫМ КЕРЕК?

Тұрғылықты жердегі емханаға бару қажет. Халыққа екпе салу аумақтық медициналық ұйымдардың егу пункттерінде жүргізіледі, арнайы контингентке тиісті ведомствоның қызмет орнында екпе салынады.

1406 COVID-19 ҒА ҚАРСЫ ВАКЦИНАЦИЯЛАУ
НӘСІЛЕГІ ЖӨНІНДЕГІ CALL СІРТАЛЫҚ

WWW.HLS.KZ

ЕКПЕНІ ЕКІ КЕЗЕДІ: БІРІНШІ ЖӘНЕ ҚАЙТАДАН ЖАСАТУ МІНДЕТТІ МЕ? ВАКЦИНАЦИЯ АРАСЫНДА ҚАНДАЙ КЕЗЕННІ ӨТУ ТИІС? БҰА ВАКЦИНАҒА БАЙЛАНЫСТЫ МА?

КВИ-ға қарсы қолданылатын вакцина бүгінде 2 кезеңде жасалынады.

Бұл КВИ - ға қарсы вакцинациядан кейін иммунитетті қалыптастырудың міндетті шарты болып табылады.

Екінші вакцинация 1-ші вакцинациядан кейін 21 күннен кейін жүргізіледі.

1406 COVID-19 ҒА ҚАРСЫ ВАКЦИНАЦИЯЛАУ
НӘСІЛЕГІ ЖӨНІНДЕГІ CALL СІРТАЛЫҚ

WWW.HLS.KZ

КОРОНАВИРУСҚА ҚАРСЫ ЕКПЕ ЖАСАҒАНҒА ДЕЙІН ЖӘНЕ КЕЙІН ӨЗІН ӨЗІ ОҚШАУЛАУ КЕРЕК ПЕ?

Жоқ. күнделікті өмір сүру салтын ұстануға болады.

Бірақ, жалпы сақтық шаралары туралы ұмытуға болмайды: әлеуметтік қашықтықты сақтап, қоғамдық орындарда бетперде тағу қажет.

1406 COVID-19 ҒА ҚАРСЫ ВАКЦИНАЦИЯЛАУ
НӘСІЛЕГІ ЖӨНІНДЕГІ CALL СІРТАЛЫҚ

WWW.HLS.KZ

ЕКПЕДЕН БАС ТАРТУҒА БОЛА МА?

КВИ-ҒА ҚАРСЫ ЕКПЕ ЕРІКТІ ТҮРАЕ ЖАСАЛАДЫ ЖӘНЕ МӘЖБҮРАЕУ БОЛМАЙДЫ.

1406 COVID-19 ҒА ҚАРСЫ ВАКЦИНАЦИЯЛАУ
НӘСІЛЕГІ ЖӨНІНДЕГІ CALL СІРТАЛЫҚ

WWW.HLS.KZ



емес. Қазір осындай адасқан жандарды тура жолға қайратын өртүрлі діни орталықтар мен бөлімдер ашылған. Біз ҚМДБ діни оңалту бөлімінің меңгерушісі Қанат Алшынбаевты әңгімеге тарттық.

400-ГЕ ЖУЫҚ АЗАМАТ БҰРЫНҒЫ СЕНІМІНЕН БАС ТАРТТЫ

Jas qazaq: Қанат мырза, діни оналту бөлімінің негізгі қызметін қарапайым тілмен түсіндіріп беріңізші.

Қ.Алшынбаев: Казіргі уақытта экстремизм және терроризмге қарсы күрес жүргізу, оған коса, жат ағым идеологиясынын таралуы — күн тәртібінен түспейтін мәселе. Сондықтан, Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы осы жылға дейін өз жұмысын төрт бағытта белгілесе, биылдан бастап жеті бағытқа басымдық бермек. Сол жеті бағыттың бірі — жат діни ағымдармен жұмыс. Аталмыш бағыттағы жұмыс бұған дейін Уағыз-насихат бөлімінің қарамағында болған. Былтыр арнайы Діни оналту бөлімі ашылды. Бұл бөлім еліміз бойынша оналту жұмысын ұйымдастырып, қадағалайды. Ол үшін біз әр өңірде өзіміздің жауапты өкілдерімізді бекіттік. Сонымен қатар әр өңірде осы бағытта жұмыс жүргізетін имам-ұстаздардан құралған топтар құрдық. Жыл басында жоспар құрылып, сол жоспарға сәйкес жұмыс жүргізіледі. Одан қалды, Діни оналту бөлімі аталған бағытта жұмыс жүргізетіндерге ақпараттық колдау беріп, біліктілігін арттыруға жағдай туғызды.

Jas qazaq: Тура жолдан адасып, көкірек көзі байланып қалатындар әлі де көп пе? Мұны сұрап отырған себебіміз, адасканның ақыры кандай болатынын жұрт күнде көріп жүр. Соңғысы «Жусанмен» келгендер - соның дәлелі...

Қ.Алшынбаев: Әрине, адамның дінге қызығушылығы болған соң, ақпаратты дұрыс арнадан алмағанның кесірінен тура жолдан адасатындар жоқ емес. Оның санын нақты айту қиын. Қазіргі жағдайда жат ағымдар өз насихатын мешіттерде жүргізе алмайды, оған тыйым салынған. Көп жағдайда өз отбасы мүшелерін, туыстарын тартуда. Осылайша, санын арттыруда. Одан қалды, олар әлеуметтік желіні барынша пайдалануда.

Jas qazaq: Оналту бөліміне келіп, сенімі өзгергендер негізінен кімдер, кандай ағымға шырмағандар? Олармен кандай әдістеме арқылы жұмыс істейсіздер? Өйткені ауырған адамды емдеуге болады, ал сеніміне селкеу түскен жанды емдеу оңай шаруа болмайтыны анық. Сіздерден шыққан соң қайтадан «үйірін» табатындар бар шығар?

Қ.Алшынбаев: Көп жағдайда ағымдар жетегінде кеткендер бізге өздері келе қоймайды. Олармен имамдарымыз арнайы тәсілдермен оналту жұмысын ұйымдастырады. Ондайлардың басым бөлігі — сәләфилік бағытты ұстанатындар. Сәләфилер өздері ішінен бөлінген. Сондықтан жұмыс жүргізу тәсілдері де әр түрлі. Оналту жұмысы кешенді, жүйелі түрде аткарылуы тиіс. Араларында

Дін – діңгек

түскен жандарды бұрынғы өміріне қайтару біраз әурешілік тудырып жатады. Оңдай азаматтармен дін қызметкерлері, психологтар мен әлеуметтанушылар жұмыс істейді. Елімізде жат ағымға шырмалып, дінбауыр іздеп жатжұртқа кетіп, адасып жүргендер аз



әдістемелік құрал мен глоссарий әзірлеп берді. Оған коса, оналту жұмысын ұйымдастыру, жүргізу барысында кездесетін заңдар жиынтығын әзірлеп бердік. Осындай жұмыстың нәтижесінде өткен 2020 жылы 400-ге жуық азамат бұрынғы көзқарасынан бас тартып, дәстүрлі дін қағидаларын қабылдады. Мұны көп деп айта алмаймыз, бір жағынан пандемиялық жағдай да өз кесірін тигізді.

Jas qazaq: Сіздер көмек көрсеткен жандардың арасында экстремизммен, терроризммен шатығындар болды ма? Таратып айтып берсеңіз...

Қ.Алшынбаев: Діни оналту бөлімі ашылғалы өз жұмысын төрт бағытта бекітті. Сол төрт бағыттың екеуі — түзету мекемелеріндегі жұмыс. Біреуі жалпы профилактикалық жұмыс болса, екіншісі — жеке кездесулер арқылы оналту жұмыстарын жүргізу. Осы түзету мекемелерінде экстремизм және терроризм баптары бойынша сотталып, жазасын өтеп жатқандар баршылық. Одан қалды, «Жусан» операциясы аясында қайтарылғандар тағы бар. Олармен жалпылама түрде және арнайы жұмыс жүргізіледі. Жоғарыда айтқанымыздай, жұмыс кешенді жүргізіледі. Оған психологтар, теологтар, тіпті әлеуметтанушылар қатысады. Сол кешенді жұмыстың ішіне қайырымдылық шаралары да енгізіледі. Мәселен, мүфти хазіретіміз Наурызбай қажы Тағанұлы бір өңірлерге барған сапарында түзету мекемесінде болып, «Жусан» жобасы аясында қайтарылып, сотталған, наукас азаматпен кездесіп, оған мүгедектерге арналған арба тарту етті. «Жусан» жобасында қайтарылған әйел азаматтарға да қайырымдылық қол ұшын созып, көмегімізді береміз. Оның өзі олардың радикалды көзқарастарынан айынуға септігін тигізді.

Jas qazaq: Әңгімеңізге рахмет!

Жарас КЕМЕЛЖАН

Әлеумет

Алматы облысында «Ауыз су» бағдарламасы қаншалықты жүзеге асып жатыр? Жер жәннаты Жетісу ағысы арыңды өзенге, айдынды көлге бай болғанымен, халқының таза ауыз суды тұтыну мәселесі басты орында. Өңірде былтырға дейін барлық ауданды ауыз сумен қамту толығымен іске асырылады деген жоспар түзілген. Бірақ әлемді өбігерге салып тұрған пандемияның пәрмені қаншама ауқымды істің атқарылуына кесірін тигізіп, көп шаруаның мерзімін кешеуілдетті.

Алматы облысының орталығы Талдықорған қаласынан шалғай өңірдің бірі — Кеген ауданы. Бұл аудан 2018 жылдың көктеміне дейін бұрынғы Нарынқол, қазіргі Райымбек ауданымен біріккен болатын. Шекараның шебіндегі, желдің өтіндегі аудан, ауылдардың іргесін нықтау мақсатында Кеген ауданының өз еншісі бөлініп, жеке отауын тікті. Содан да шығар, ауыз су бұл ауданда да салмағы басым мәселеге айналды.

«Жұмыспен қамту жол картасы —2020» мемлекеттік бағдарламасының шарапаты көп тиіп, былтыр Кеген ауданында мектептер мен балабақшаларға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілумен қатар, бірнеше ауылдарға ауыз су тарту жұмыстары да жүзеге асты. Осы бағдарламаның желісімен Жайдақбұлақ және Жалаулы ауылдарына ауыз су тарту шаруасы қарқынды жүргізілді. Үш Меркі тауының етегіндегі Жайдақбұлақ ауылында 60-қа тарта түтін бар. Жаланапш ауылдық округіне қарайтын бұл ауыл халқы ауыз судан тартығып келген болатын. Мемлекеттік бағдарламамен ауылдың төрт көшесіне су құбыры тартылып, тұрғындардың түйткілді мәселесі шешілді.

Кезінде жар жағалап ойнап жүрген балалар алтын тауып алып атағы дүркіреген шағын ауыл бар, Жалаулы деген. Құлық тауының күнгейіндегі бұл ауылға ауыз су ертеректе тартылған. Бірақ тот мүжіп, су жұқартқан құбырдың тозығы жетіп, жаналауды қажет еткен. «Жұмыспен қамту жол картасы — 2020» бағдарламасымен бөлінген қаражатқа ауыз су желісінің құбырлары жанартылып, жалаулылықтар да бір жасап қалды. Кіші Қарқара ауылының да тұрғындары сапалы ауыз суға қол жеткізді. Аудан орталығы Кеген ауылы мен Тұйық ауылының да ауыз су мәселесі шешімін тауып, жұмыс межелі мерзімінде атқарылды. Алдағы уақытта Алғабас ауылының халқы мөлдір суды тұтынатын болады. Бұл мәліметті Кеген ауданының әкімі Талғат Байбөділов халыққа есеп беру жиынында айтты.

Географиялық орналасу ауқымы өте көлемді Алматы облысында ауыз судың айналасында қашанда қордалы мәселелер болған. Бола



халықтың тек 7,4 пайызына ғана ауыз су жетпейді. Бұл мәлімет былтыр үкімет отырысында айтылды. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Атамқұлов үкімет отырысында 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында бес жылда Қазақстанның барлық өңіріндегі шалғай ауданның, алыс ауылдарын толықтай қамтып, ауыз су құбыры тартылып, маңызды мәселе шешілді деді. Тек осы «Ауыз су» бағдарламасына мемлекет қазынасынан жыл сайын 100 млрд теңгеден асатын қаражат бөлінеді. Былтырғы жылы республикалық бюджеттен 113,6 млрд теңге қаржы аударылып, қалалар мен ауылдарды ауыз сумен жабдықтау мақсатында, су құбырын жанарту бағытында 303 жоба қолға алынды. Статистикалық мәлімет бойынша, 2020 жылы қалалықтардың 97,5 пайызы орталық су құбырымен келетін таза суды тұтыну мүмкіндігіне кенелген. Ауылдарға су тартып, тіршілік нәрімен қамтуда 87,7 пайызға жеткізу көзделген. Солтүстік Қазақстан, Маңғыстау, Атырау облыстарына қарасты қалалардың тұрғындары түгелдей орталықтандырылған ауыз сумен қамтылыпты.

Қуаныш РАХМЕТ, Алматы облысы

Шағын және орта бизнес

Шымкент қаласында жалпы өңірлік өнімінің үштен бір бөлігін шағын және орта кәсіпкерлік құрайды. Өткен жылы «Бизнестің жол картасы-2025» мемлекеттік бағдарламасы аясында қалада 530 жобаға қолдау көрсетілді. Бұл 2019 жылмен салыстырғанда 2 есеге артық. Бұл туралы Шымкент қаласының кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының басшысы Береке Дүйсебеков айтып берді.

Аталған басқарма басшысына хабарласқанымызда, ол қала бюджетінің кіріс бөлігін ұлғайтудың негізгі жолы — жаппай кәсіпкерлікті



КӘСІПКЕРЛІК ЛОКОМОТИВІ

дамыту екенін баса айтты. Бұл жаңа жұмыс орындарын ашу, салық түсімдерін ұлғайту және қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Осы орайда алдағы 5 жылдықта Шымкенттегі шағын және орта кәсіпкерліктің жалпы ішкі өңірлік өнімдегі үлесін 50 пайызға жеткізу көзделіп отыр. Сондықтан кәсіпкерліктің кез келген өзекті мәселесін шешу тікелей шаһар басшысының бақылауында болады. Барлық дамыған мемлекеттер сияқты шағын және орта бизнес қала экономикасының локомотивіне айналуы керек.

Шымкентте кәсіпкерлікке қолдау көрсетіп, инвестиция тартуға басымдық беріліп отыр. Соның арқасында былтыр инвестиция көлемі 41 пайызға өсіп, 278,5 млрд теңгеге жеткен. Осылайша, қалаға инвестиция тарту бойынша, Шымкент республикада 17-орыннан 2-орынға шықты. Ал өткен жылы 2020-2025 жылдар аралығында іске асатын инвестициялық жобаның базасы әзірленді. Оған құны 1,4 трлн теңге құрайтын 157 жоба енді. 2020 жылы осы жобалардың 34-і жүзеге асып, 2000 жаңа жұмыс орны құрылды. Жобаларға 88,8 млрд теңге көлемінде инвестиция тартылған. Соның ішінде шетелдік инвесторлардың қатысуымен жалпы сомасы 11,8 млрд теңгеге 5 жоба іске асырылды.

Биыл мегаполисте 330 млрд теңгеден астам инвестиция тарту жоспарланды, өсімі 26 пайызды құрамақ.

ОТБАСЫЛЫҚ БИЗНЕС ДАМЫП КЕЛЕДІ

Бүгінде елімізде еңбек етіп, кәсіп ашам деушілерге мүмкіндік мол. Шағын және орта бизнесті бастау үшін 6 пайыздық субсидия, жеңілдетілген несие алуға «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қоры көмектесіп келеді. Аталған қордан қолдау алған кәсіпкер Әлия Әмірбекова «Vanil» кондитерлік цехын ашып, шаруасын дөңгелетіп отыр. Қай күні барсаң да, дүкендері тәтті сатып алуға келген тұтынушыларға толы.

«Vanil» кондитерлік үйі — 2012 жылы құрылған отбасылық кондитерлік мекеме.



Әлия Әмірбекова — Шымкент қаласында кондитерлік дүкен ашу жөнінде идея көтеріп, оны жүзеге асырған азаматшаның бірі. Бүгінде мегаполистің аспаз бен кондитерлер гильдиясының мүшесі. Әлия сүйікті ісін дамыту үшін Испания, Франция, Ресей және Украинаның үздік кондитерлік мектептерінде білім алған.

Әлия Әмірбекова: «Кәсіпті бастау оңай болмады. Бастапқы капитал, жұмыс күші, өткізетін жер, сәйкестік сертификаты, рұқсат қағаздары керек еді. Біз киындықтарды жеңдік, тәжірибе жинадық. «Даму» қорының көмегімен өз ғимаратымызды сатып алдық. Қазір күнделікті жеуге арналған жеңіл тоқбасарлармен қатар, кез келген күрделі авторлық дизайндағы өнімдерді шығаратын өз кондитерлік үйіміз бар», — дейді.

ӘЙНЕК ӨҢДЕУ ӨНДІРІСІ

Шымкент қаласында жеке кәсіпкер Максим Тулин заманауи көркемдік және декоративті әйнек өңдеу өндірісін кеңейтуде. Кәсіпкер экологиялық таза материалдардан жасалатын өнім шығарады. Фасет, хромдау, аквапринт, әйнекті декоративті өңдеу, екі қабатты терезелерді құрастыру және өндіру сияқты қызмет түрлерін ұсынады.

Соңғы жылдары компания негізінен ескі технологияны қолданып, металл емес минералды өнімдер өндіретін. Қажетті жабдықтар мен білікті кадрлардың жетіспеушілігінен компания өндіріс көлемін ұлғайта алмады.

Сол себепті жеке кәсіпкер 2020 жылы әйнек өңдейтін жабдықты сатып алу үшін «Даму» қорына жүгінді. Отандық банктің бірі 14,5 пайызбен аталған жобаны қаржыландырса, оның 8,5 пайызын «Даму» қоры субсидиялайды.

Бүгінде компания жаңа технологияларды енгізіп, өндіріс көлемін ұлғайтуға кірісті.

АЙЫНА – 6000 ОЙЫНШЫҚ

Кәсібін ыдыс-аяқ, парфюмерия, балалар ойыншығын сатумен бастаған Рабиға Байтемірова бүгінде өзі отандық балалар

ойыншығын өндіріп отыр. Кәсіпорын «Navruz Plastik — ShR» сауда маркасымен ел нарығында кеңінен танылуда.

Балалар ойыншығын құрастыруды нәліктен қолға алғаны жөнінде кәсіпкердің өзі баяндап, алдағы жоспарларымен бөлісті: «1995 жылдары жұбайым екеуміз Қытай, Иран, Ресей және Өзбекстан елдерінен түрлі тауарлар әкеліп сатып жүрдік. Сонда балалар ойыншығына сұраныстың жоғары екенін байқалық. Саудалан ұзақ жылдар бойы айналысқандықтан, нарықты зерттеп, ойыншық өндірісімен айналысуға бел булық. Сол уақытта ұлым Қытайда оқитын. Аспан асты елінің құрал-жабдықтары,



өндірістік, технологиялық процестерімен бізді ұлымыз таныстырды. Ақырында 2013 жылы қажетті жабдықтарды алып, «Маг» ойыншықтар желісін жинақтауды бастап кеттік. Ал 2015 жылы ойыншық түрін көбейту үшін пресс-калыптар, қосымша құрал-жабдықтар шығаратын машина жабдығы, балаларға арналған квадроциклдарды сатып алу қажеттігі туды. Бұл мақсатта мемлекеттік бағдарлама шеңберінде «Даму» қоры несие алуға көмек көрсетті. Осылайша ойымыз жүзеге асты. Алдағы уақытта басқару құрылғысы бар көлік ойыншықтар, қуыршақ, балаларға арналған ыдыс-аяқтар жасап, экспортқа шығарсақ деген жоспарымыз бар», — дейді.

Бүгінгі таңда кәсіпорын мотоцикл, тұлпар, құрастырғыштар шығарады. Айына 4000-6000 дана ойыншық өндіруге қауқарлы. 20 адамды жұмыспен қамтиды. Өнімдері бүкіл елдегі дүкендерден қолжетімді бағамен сатылады. Қырғызстанға да жөнелтіледі. Түркия мен Иран инвесторлары қызығушылық танытып, жұмысты бірлесіп жүргізуді ұсынып отыр. Өнім өндіруде полипропилен мен полиэтилен секілді шикізатты Иран, Түрікмен елінен алдырса, бояу Вьетнам және Германия, Кореядан әкелінеді.

Көп жылдық тәжірибесі бар Рабиға Байтемірова: «Алға жылжудағы басты қағидам — үнемі мақсат қойып, күн сайын білімім мен кесібім дағдымды жетілдіріп отыру», — деп түсіндіреді.

БАҒАНЫ ТҰРАҚТАНДЫРАТЫН ЖОБА

Осы аптада Шымкент қаласының Қаратау ауданы Сайрам тұрғын алабы 333 кварталда «Темиршиков» ЖК нан-тоқаш өнімдерін өндіретін наубайхана іске қосылды. Жоба құны — 300 млн теңге. Жеке кәсіпкерлер 100 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Қала басшылары кәсіпкерлік нысанның ашылуына қатысып, наубайхананың әлеуетімен танысты.

Жалпы аумағы 7200 шаршы метр кәсіпкерлік нысан жаңа үлгідегі нан пісіруге арналған заманауи технологиялармен жабдықталған. Әрі қаладағы ең арзан нан осында өндіріледі. Өйткені заманауи құрылғылар газбен жұмыс істейді. Шаһар басшысы бағаны тұрақтандыратын осындай бастамалар екенін алға тартып, сала басшыларына мұндай жобаларды қолдау керектігі жөнінде тапсырма берді. Сондай-ақ жаңа кәсіпорындағы нан пісіретін пештер — Шымкент қаласының өз өндірісі. Қала әкімі күнделікті тұтынатын қарапайым заттардың толық өзімізде өндірілетінін айтып, бұл бағыттағы жұмыстардың маңыздылығына тоқталып өтті.

Наубайхана тәулігіне қуаттылығы 90 мың дана нан өнімдерінің түрлерін, оның ішінде 65 мың дана әлеуметтік нан (*қалыпты бөлке нан*) өнімдерін шығаруда.

Мәриям АЙТБАЙ, Шымкент қаласы

Біздің Қанекен өте қонақжай еді ғой. Ауылға келген кісілердің қара шаңырағымыздан дәм татпай кеткені сирек. Кей күндері бір емес, екі дүркін, үш дүркін қонақ күтіп, шығарып салатын кездеріміз де болған.

Оған әбден үйреніп, тездетіп дастархан жайып, ет асып, қуырдақ қуыра салуға дағдыланып алғанбыз. Қонақтар тым асығыс болса, қорадағы тауықтардың бірін сойып, әп-сәтте сорпа қайнатып немесе бұға пісіріп дайындаймын.

Әйел адам, әйтеуір, үйге келген кісілердің алдына қойған тамағым дәмді болса екен, ішіп-жеген кезде ұнатып, қабақтарын шытпай, көңілденіп аттанса екен деп зыр жүгіреді ғой.

Құдайға шүкір, «Қанекеннің үйінің дастарханы берекелі», «Ұлмекен жегеміздің жасаған тамағы бал татиды» деген мақтау сөздерін, шын ниетімен айтқан алғыстарын естігенде, көңіліміз көкке көтеріліп қалушы еді.

Сондай жақсы сөз айтқан қайраткер сінділеріміздің бірі — Оразкүл Асанғазиева кейін халық қалаулысы, Мәжіліс депутаты болып, елдің сөзін сөйлеп, туған жерін қастерлеп, ана тіліміздің мәртебесін көтеріп жүрді емес пе. Мен де ондай сінділерімді мақтан тұтамын.

Әсілі, үйімізге келіп-кетіп жататын қонақтардың көпшілігі сол кезде шаруашылықтың қамын ойлап, мемлекеттің тапсырмасымен жүретін еді. Ауылда жөні түзу бір қонақ үй, асхана, қазіргідей кафе болмағандықтан да олар Қанекен секілді қонақжай, аккөңіл кісілердің үйіне бұрылатын.

Оған біздің балалар да үйреніп алған. Қонақ келмесе, көңілдері елендеп тұрады. Бірде мынадай бір қызық оқиға болды. Байсейітімнің бастауыш класта оқып жүрген кезі. Әкесі Шымкенттегі кеңес-партия мектебіне оқуға кеткен. Арала біраз күн өткенде балалар оны сағына бастады. Әсіресе, әкесін ойлағанда, Байсейіттің шығарға ғана жаны бөлек. Қанекенді сондай қатты жақсы көреді.

Үйіміздің артынан үлкен жол өтуші еді. Күнде сол жолға қарап, әкесін күтеді. Бала жүрегіндегі сағыныш сар даланың сағымымен араласып, алысқа самғайды. Көз ұшындағы қыркандан қылт етіп көрінген машинамен Қанекен келе жатқандай үздіге қарап, қашан ауылға жеткенше елендеп тұрады.

Бірақ ол арала сүт пісірімдей уақыт өткенде Байсейіттің жанынан гүр-р етіп өте шығады. Баланың көзі жасаурап, көңілі жасып қалғандай болады. Әкесін ауылға алып келмеген әлгі машинаға іштей ренжіп, томсырайып, теріс бұрылып кетеді.

Бұрынғыдай үйге шақыратын отағасы болмаған соң, қонақ та келмейді. Ол да Байсейіттің сағынышын үдетіп, Қанекенмен бірге келетін кісілерді, баяғыдай у-ду, көңілді отырысты аңсайды.

Сөйтіп жүріп, бір күні шыдай алмай ауылдағы кеңсеге қарай тартады. Күнделікті әкесі жұмысқа барып-келіп жүрген жер болғандықтан көзіне өте жылыұшырайды ғой. Онда кіріп-шығып жатқан жұртты да жақсы таниды. Көпшілігі үйге Қанекенмен бірге келіп, дәм-тұз татып жүрген кісілер.

Бір кезде кеңсенің алдына директордың машинасы келіп тоқтап, бір топ адам сол кісімен сәлемдесе бастайды. Байсейіт те қолын созып:

— Ассаламағалейкүм, — дейді.

— Уағалейкүмсалам! Әй, Байсейіт, сен қайдан жүрсің? — дейді директор оны танып қалып.

Сол кезде балам:

— Мен сіздерді шақыра келдім. Үйге жүріп, шай ішіңіздер, — деп үлкендерше даусын жуандатып, азаматтық пейіл танытады.

— А-а, — дейді директор аз-кем танырқап қалып. — Қанекен оқудан келді ме?..

— Жок, — деп басын шайқайды Байсейіт. — Мен өзім шақырып тұрмын.

— Ой, бәрекелде-е! Міне, азамат! Әй, жігіттер, естідіңдер ме, мына Байсейіт бізді қонаққа шақыра келіпті.

— А-а, не дейт? Жігіт болған деген осы! — Әкесіне тартқан екен! — Немене, Қанекен ауылға кеп қалған ба? — Жоғ-ә, о кісі келсе, алдымен конторға соғады ғой.

— Иә, сөйтеді! — деп директордың сөзінен кейін айналадағы адамдар біраз қауқылдасып қалады.

— Ал-л, — дейді директор оларға жымия қарап. — Байсейіт баламыз үйіне шақырып тұр. Түскі шайдың уақыты да боп қапты. Қане, осы тобымызбен барып, Ұлмекен жегеміздің дастарханынан дәм татып қайтайық.

Әне, сөйтіп, ойда-жокта үйімізге бір топ қонақ келе қалды. Менің аздап таңырқап тұрғанымды сезген директор алыстан дауыстап:

— Мына Байсейіт бүгін бізді қонаққа шақырды! Ал енді, үйдегі барды қазанға сала беріңіз, — дейді күліп.

Бала дегенде, шіркін, ананың кеудесіндегі шыбын жаны ғана шықпай қалады ғой. Оның үстіне, «Байсейіттің азамат болыпты, бізді қонаққа шақырып келе жатыр» деген жақсы сөзді естігенде, қуанғанымнан төбем көкке екі-ак елі жетпей қалған шығар-ау.

Сол күні тамақты қалай дайындап, қалай үлгергенімді кім білсін, әйтеуір, дастарханның үстін жайнатып-ақ жіберген секілдімін. Шай да, қуырдақ та, бұға пісірген тауық та, көкөністен жасалған салат та әп-сәтте дайын болып жатты.

Қазакта ел ағаларынан бата алу деген бір жақсы ырым бар емес пе. Балам шақырып келген қонақтарға зыр жүгіріп қызмет ете жүріп: «Апыр-ай, бұл да болса, Алла тағаланың бізге бұйыртқан бір несібесі болар. Байсейітім осы ағаларынан бата алып, болашақта елінің елеулі, халқының қалаулы азаматы боп жатса, менде не арман бар» деп ойлап қоямын.

x x x

О тоба, бір әңгіме бір әңгімеге тұздық болып жатады. Байсейіттің бала күніндегі тағы бір қызық оқиғасы есіме түсіп отырғанын

көрмейсің бе. 1959 жылдың 7 қарашасы күні Қанекен әлгі кеңес-партия оқуын аяқтап, ауылға қайтты. Ол кезде үй артындағы үлкен жолға қарай-қарай көзі талған Байсейітті біз таудағы туыскандарымыздың үйіне жібергенбіз.

Қанекен жол-жөнекей сонда соғып, Байсейітті өзімен бірге ала қайтпақ болады. Әкесімен сағынысып көріскен баланың



Ұлмекен ЖАМАНҚҰЛҚЫЗЫ

БАЛАЛЫҚ ШАҚТЫҢ БЕЛГІСІ

қуанышында шек жоқ. Мойнына асылып, Қанекене көрген-білген қызықтарын айтып, мәз-мейрам болып қалады.

Сәті түскенде оларға жол-жөнекей совхоз директорларының өзі кездесіп қалып, машинасына отырғызып алады. Жолай Қанекенмен әңгіме-дүкен құрып, қой бағып жүрген шопандарға бұрылып, қал-жағдайларын сұрап, шаруашылықтың жай-күйін біліп келе жатады.

Байсейіт болса, ауылға тезірек жетуге асығады. Біраздан бері үйде болмаған әкесін көргенде, өзінен кейінгі бауырларының да қуанатынын біледі.

Бірақ мынау алырдағы қасқа жолдың ұшы-қиыры көрінбейді. Бір асудан кейін тағы бір асу жотасын тосып, ал енді, менен асып өтіндер деп жатқандай. Оның үстіне, бұлар машинаға мінгелі бері шаруашылық жайлы ұзақ-сонар әңгіме айтып келе жатқан директор


мейірімді, аккөңіл, көпшіл жан болатын. Оның балаларға зекіп, ұрсып, иә болмаса, қатты сөз айтып, қол көтерген кезін көрген емеспін. Ақыл айтса да, араша түсіп, басу айтса да, бәрін өз жөнімен, ретімен қозғап отыратын.

Бірақ баланы өз бетімен жіберуге де болмайды ғой. Кей-кейде олардың жүріс-тұрысын шектеп, қақпайлап отыру қажет. Бұл менің баяғыдан көңліме тоқып келе жатқан ойым. Сондықтан балаларыма, әсіресе, қыздарыма қатал болуға тырыстым.

Олар қазір: «Мамам бізді институт бітіріп келгенімізде де ауылдағы вечерге жібермей қойған» деп күледі.

Кішкентай күндерінде: «Әй, миымды ашыттыңдар ғой» деуші едім бұрқылдап. Енді қайтейін, үй тірлігі бастан асады. Біріне үлгерсең, біріне үлгермей жатасын...

Міне, осы «ми ашытуға» байланысты да бір қызық оқиға тілімнің ұшына оралып отырғаны.



Yelmar Almarbek

далада жайылып жүрген қойды көрсе болды, солай қарай бұрылып, қойшысымен әңгімелесе жөнеледі.

Сөйтіп, онсыз да ұзақ жолды одан сайын ұзарта түседі. Бағана бұлар шыққанда түс мезгілі еді, енді, міне, күн еңкейіп, көкжиекке иек арта бастады.

Ақыры директордың бұл қылығына шыдай алмаған қызба мінезді Байсейіт бір кезде: — Немене, әр қойшыны көрген сайын тоқтай бересіз, үйге қашан жетеміз? Тезірек ауылға барайық та, — деп айтып салады.

Сол кезде ел-жұртпен әрдайым емен-жарқын араласып, үлкеннің де, кішінің де тілін тауып үйреніп қалған директор Байсейітке жымия қарап: — Ау, бастық, болды, болды! Енді еш жерге тоқтамаймыз, — деп ауылға тіке тарта жөнелген екен.

Шіркін, бұрынғының адамдары аккөңіл, кеңпейіл, мінезге жомарт болушы еді ғой!..

x x x

Әдетте әке тәрбиесі камшының өрімі секілді қатқылдау, ана тәрбиесі жібек орамал секілді жұмсақ, женіл болмаушы ма еді.

Бір қызығы, біздің үйде бұл тәртіп басқаша көрініс тапты. Қанекен жарықтық, тумысынан

Қайбір жылы нағашысының әйелі үйге келгенде Қанекен: «Біздің қорадан бір сиыр алыңдар. Менің сіздерге берген көмегім болсын» деп еді. Бірақ ол кісі: «Өздерің базарға апарып сатып, маған пұл қылып берсеңдерші» дегендей болды.

Содан әлгі сиырды сатуға ниет қылғанымызбен, оны базарға апаратын адам жоқ. Қанекен жұмыстан босамайды. Үлкен балалар оқуда. Қанекеннің жегесі: «Иә, қалай болды?» деп, үйге жиі келе бастады. Бір келгенінде Нышанқүлімнен:

— Әй, Нышан, сен осы нешінші класта окисың? — деп сұрапты.

Ол:

— Бірінші класта, — деп жауап берді. Келесі келгенінде Нышанқүлдің мектептен қайтып келе жатқанын көріп: — Нышан-ау, нешінші класта оқып жүрсің? — деп сұрайды тағы да.

Нышанқүл болса, оған таңдана қарап:

— Апа-ау, өткенде ғана айтып едім ғой.

Немене, ұмытып қалдыңыз ба? — дейді.

— Ойбу-уй, менде қайбір ес қалды дейсің, миым әбден ашып кетті ғой, — деп абдырап қалады нағашы апасы.

Сонда Нышанқүл:

— Апа, айтынызшы, сіздің миыңыз біздің үйге келгеннен кейін ашыды ма, әлде бұрыннан ашып қалған ба? — дейді оған қарап.

Осыны айтып, нағашы апасы басын шайқап, көпке дейін күліп жүрді. Мен болсам:

«Нышан-ау, үлкен кісіге сөйтіп сөйлей ме екен?!» деп қоямын. Сонда қызымның: «Мама-ау, өзін ғой ылғи бізге «миымды ашыттыңдар» дейсін. Мен бұл кісінің де миы біздің үйге келген соң ашып қалды ма деп ойладым» деп бізді одан сайын күлдіргені бар емес пе.

Шіркін, баланың көңілі — бұлақ суындай таза болады ғой.

Бір кісінің жақсы мінезін айтқанда, «бала мінезді», «жас баладай аңғал» дейтініміз де сондықтан.

Бірте Қанекен үйге айлығын алып келгенде, алдынан жүгіріп шыққан Бакытқа:

— Міне, балам, мен көп ақша әкелдім. Сен осыны санап, маманның қолына тапсыр, — депті.

Сонда ойынға асығып тұрған Бакыт:

— Папа, мұны қазір киіздің астына тығып қоя салайын. Кейін үйге келген соң, бәрін санаймын, — деп шыға жөнеледі.

Содан соң оны мүлде ұмытып кетеді.

Ертеңіне мен ол ақшаны алып, дүкенге барып, біраз қаражат жасап, қалғанын әмияныма салып қойдым.

Кешкілік әкесі жымиып, Бакытқа қарап:

— Ал қане, балам, кешегі ақшаны әкел, екеуіміз енді асықпай отырып санайық, — дейді.

Сонда Бакыт:

— Ой, ұмытып кетіппін ғой, — деп жалма-жан киіздің астын ашып қараса, кешегі қойған жерінде ақша жоқ.

Ан-тан боп, жан-жағына қарайды. Әкесі үнсіз. Күтіп отыр. Кеше осында қойғанын ол да көрген.

— Е-еһ, — дейді Бакыт енді бір нәрсені ескермегеніне өкініп. — Ол ақшаның бәрін мына Арыстанды-Қарабастын желі ұшырып әкеткен екен ғой!..

x x x

Қанекеннің әу бастағы мамандығы есепші болғандықтан ба, кім білсін, балалардан әр нәрсенің есебін сұрап отырғанды жақсы көретін.

Өзі құжатқа, есеп-қисапқа өте ұқыпты кісі еді. Колхозға талай мәрте комиссия келіп, бірнеше жылғы қағаздарды актарып-тексергенде тиын-тебеніне дейін түгендеп, рет-ретімен есептеп көрсеткеніне тексерушілердің өзі риза болып қалатын.

Мүмкін, содан да болар, балаларын еркелетіп, күліп отырып-ақ есепке бейімдеп, баулитын еді.

Қайбір жылдары Қанекен райкомда істеп жүргенде айлыққа майда тиындарды көп беретін-ді. Бірде сол тиындарды қалтасынан шықыратып шығарып, текеметтің үстіне шашып жібереді де, Әлияға қарап:

— Балам-ай, қанша екен, санашы, — дейді қызық көріп.

Әлі тиындардың көптігіне танырқап, әрі оның бәрін санап шығудың қиын екенін тез түсінген ол:

— Папа, миллион! — депті таңдайын тақ еткізіп.

x x x

Әсілі, адам баласы қанша жасқа келсе де ата-анасының алдында өзін бала сияқты сезінеді-ау деймін.

Оны айтып отырған себебім, шешем жарықтық ұзақ жасап, жасы жүзге келгенде де маған ылғи «әй, қыз-ау» деп сөйлеуші еді.

Жаздығүні балаларымды алып, өзім туып-өскен Майбұлаққа төркіндеп барып, біраз күн демалып, анамның қасында болып, сағынышымды басып қайтатынымын. Сол кезде де шешем бәрімізден бұрын оянады. Терезеден енді-енді таң белгісі біліне бастаған уақта:

— Әй, қыз-ау, ерте тұрып, шай қойып, мына балалардың тамағын жасамайсың ба? — дейді менің қасыма келіп. Сонда мен:

— Апа-ау, қашанғы мені қыз дей бересің? Менің де жасым 70-тен асып қалған жоқ па? — деуші ем күліп.

Сөйтсе-е-ем, мұның бәрі де ана мен баланың арасындағы үзілмейтін бір нәзік жіпке тізілген мөлдір моншақтай қымбат, асыл қасиеттер екен ғой.

Кейін шешем дүниеден өтіп, жетісін, қырқын, жылын өткізгеннен кейін араға жыл салып, сол баяғы әдетім бойынша ауылға қыдырып келмеймін бе.

Бұрын үйдің қасына машина келіп тоқтағанда, анам шарбақтың алдынан бізді күтіп алып, айналып-толғанып:

— Сендердің бүгін келетіндерінді жүрегім сезді ғой! Анау Мүзбелдің үстінен мәшине көрінгеннен-ақ: «Әй, осы келе жатқан менің балаларым-ау!» деп елендеп, үйге сыймай кеттім, — деп тұрушы еді.

Сол кезде біз шешемнің сөзіне бәлендей бір мән бере қоймайтынбыз. Сөйтсек, ана жүрегі алыстан сезіп, сағынып жүреді екен ғой.

Ал енді, міне, үй сыртына келіп тоқтаған машинаның даусын естіп, сыртқа шығып жатқан ешкім жоқ. Шарбақтың іші жым-жырт. Апыр-ау, бұлар үйде ме, жоқ па деп қоямын...

Шынымы айтсам, ананың дүниеден өткенін осы жолы шын сезінгендей тамағыма бір өксік тығылып, көзім жасаурап кетті.

Апыр-ай, анаң бар кезде 70-тен аспақ түгілі, 90-нан ассаң да бәрібір, арқа сүйеп, пана тұтып жүреді екенсің ғой.

Бүгінгі жастар үй сыртынан машинаның даусы естілсе, ары-бері ағылып жатқан көп көліктің бірі шығар деп қоя салады.

Бәлкім, олар да кейін де балаларын сағынғанда менің анам секілді жүрегі лүпілдеп, Мүзбел жаққа алаңдап қарайтын болар-ау...

Ұлмекен ЖАМАНҚҰЛҚЫЗЫ



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

АИНА

www.jasqazaq.kz



ҚОРҒАН Әскери өмір – «темірдей тәртіпке бағыну», Отаныңа адал қызмет ету. Әскер сапына шақырылған көшегі бозбала бір күннің ішінде есейіп, сарбаз атанады. Өзіне артылған зор жауапкершілікті сезінеді. Әсіресе, ел шекарасын күндіз-түні қорғап жүрген сарбаздың жүгі тіпті еселене түседі. *Jas qazaq* сондай бір әскери бөлімшенің тұрмыс-тіршілігімен танысты.

Қала маңындағы «шекарашылардың бір күнімен танысқымыз келеді» деген ойымызды ҰҚК Шекара қызметінің запастағы подполковнигі әрі баспасөз хатшысы Тамара Дәулетбаеваға жеткіздік. Ол өтінішімізді қабыл алып, 1-2 күн ішінде әскери бөлімше тағайындап, тіпті бөлімшеге өзі бастап аппаратынын жеткізді. Осылайша уәдескен күні Тамара ханыммен кездесіп, әскери бөлімшеге ҰҚК Шекара қызметі арнайы көлікпен Алматы облысы бойынша департаментінің Жамбыл ауданында орналасқан «Қастек» шекара бөлімшесіне тартып кеттік. Арасы екі сағаттың ішінде межелі жерге жетіп келдік. Бізді әскери тәртіппен күтіп алған бөлімше бастығы капитан Тимур Әлиакбаров



жылы жүзбен қарсы алып, шекара бөлімшесінің ғимаратына кіргізді. Бөлімшеге енген бойда былтыр күзгі шақырылыммен келіп, Отан алдындағы борышын өтеп жүрген жас сарбаздармен таныстық. Біразын әңгімеге тарттық. Енді олардың өзіне сөз берейік. Қатардағы жауынгер Дидар Дәулет: «Былтыр күзгі шақырылыммен әскери борышымды өтеуге «Қастек» шекара бөлімшесіне келдім. Менің әкем де әскери адам. Әке жолын қуып, менде болашақ мамандығымды әскери өмірмен байланыстырғым келеді. Солтүстік өңірдегі Петропавл қаласының тумасымын. Біздің өлкеде биік тау жоқ. Осы жерге келген бойда айналадағы тауды көріп, таң қалдым. Табиғаты бірден баурап алды. Қазір бөлімшенің байланысшымын. Әрі қарай әскери жолды жалғастырамын деп шештім. Әскери мерзімім аяқталғаннан кейін, келісімшарт түрінде әскери қызметпен айналыссам деймін. Шекарашының қызметі кешкі 20:00 басталады. Яғни азаматтық өмірдегі қарапайым адамдар қызметтен оралып келе жатқанда, керісінше біздің күн мен түнге жалғасқан тіршілігіміз басталады. Мен байланысшы болғандықтан, байланыс бөлмесіне келіп, басқа бөлімшелермен ақпарат алмасамын. Қызметтен бос уақытта кітап оқып, шахмат ойнап, спортпен шұғылданамыз», — деп әскери өмірімен таныстырды. Қатардағы жауынгер Нұрсерік Әлім: «Мен Нұр-Сұлтан қаласында туып-өстім. Әскери өмір өзім үшін өте қызық өтуде. Өйткені жастайымнан қару-жаракқа қызығатынмын. Негізі мамандығым — фельдшер. Әскери борышымды өтеп болғаннан кейін медицина саласындағы оқуымды жалғастырғым келеді. Әскери өмір ең алдымен тазалыққа, тәртіпке, уақытты

үнемді пайдалануға үйретті. Бос уақытымда футбол, волейбол ойнағанды ұнатамын. Командаға бөлініп, жарыс өткіземіз. Әскери борышын өтеу — кез келген азаматтың міндеті деп санаймын», — дейді. Осы сәтте «Әскери тәртіпке үйрену алғашында қиын болды» деп қатардағы жауынгер Павел Грек әңгімеге араласты. Ол: «Еркін жүріп қалған адамға әскер тәртіп қиын екен. Алғашқы күндері қатты

етті. Әкем қазір зейнеткерлік демалыста. Қазір үйлегі ұлым да әкем секілді шекарашы боламын дейді. Біз шекара күзетеміз. Шекараның ел үшін маңызы зор. Өзім басқаратын бөлімшесінін аумағында былтыр археологтар түрлі көне заттар тапты. Жергілікті тұрғындар бұл өңір «Ұлы Жібек жолы» өткен көне қаланың орны деп айтады. Оған куә археологтар тапқан түрлі көне бұйымдар. Жанында шекара тәртібін



Абзал Сәуірбай, Дидар Дәулет

ЖАС САРБАЗ – ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІ

киналдым. Бірте-бірте тәртіпке, уақытты тиімді пайдалануды үйрендім. Әр күніміз жоспарлы болғаннан кейін бе, уақыт тез өтуде. Бос уақытымда кітап оқып, домбыра шертемін. Мерекелік шараға қатысып, өз өнерімді ортаға салып жүрмін. Әрі қарай әскери қызметті жалғастырсам ба деймін. Әзірге нақты кесіп айта алмаймын. Ең басты мақсатым — Отан алдындағы борышымды өтеу», — делі.

Павел қолына домбыра алып, Құрманғазы күйлерінен үзінді орындап берді.



өрескел бұзған азаматты ұстадық. Оны жауапты органға табыс еттік. Осылайша, ел тыныштығы үшін аянбай еңбек етеміз», — деді.

Осы кезде түскі астың да уақыты келді. Әскерилер асханаға беттеді. Түстен кейін бөлімше бастығы капитан Тимур Әлиакбаровтың бұйрығымен келісімшарт қызметінің қатардағы жауынгері Абзал Сәуірбай бастаған шекара наряды Қастек сайға аттанды. Олар Пансу атты неміс тобетімен бірге таудағы шекара аумағын бақылауға тапсырма алды. Біз де көлікке мініп, оларға ілестік. Тауға аппаратын жол көршілес қырғыз елімен байланыстырады. Тау ішіне 15 шақырымдай еңдеген шекарашылар ел шебін барлады. Дүрбімен айналаны бақылап шықты.

Міне, шекарашылардың күн сайынғы өмірі осындай қарбаласпен өтеді. Әскери тілде бұл «наряд» деп аталады. Нарядтан келген сарбаздарға бос уақыт беріледі. Бос уақытында сарбаздар өздері қалаған істерімен айналысалды.

Күндіз-түні шекарамызды күзетіп, ел тыныштығы үшін аянбай еңбек етіп жүрген шекарашылардың қызметін ерлікке баладым. Бөлімшедегі әрбір жас сарбаздың елі мен жерін аянбай қорғауға дайын екеніне көз жеткіздік.

Макпал НОҒАЙБАЕВА

Биыл қазақ поэзиясының мұзбалағы атанған Мұқағали Мақатаевтың туғанына 90 жыл толды. Ақын 1931 жылы Алматы облысы Нарынқол ауданы Қарасаз ауылында өмірге келген. Балалық шағы аспантаулар баурайында өткен бала Мұқағалидың дана Мұқағали атануына Алматыдағы әдеби орта алабетен септігін тигізді.



Халқымен бірге жасайтын ақын

«Өзімнің есебімде, Мен биыл қырықтың дәл бесесінде...» деп жырлаған ақынның жүрегі дәл сол 45 жасында, 1976 жылы соғуын тоқтатты. Қамшынын сабындай қысқа ғұмырында алдаспан ақын артына өлмес, өшпес мол мұра қалдырып кетті. Өзіміз де айнадай мөлдір әлемі бар, кіршіксіз таза балалардың ортасында жүргендіктен, Мұқағали Мақатаевтың балаларға арналған өлеңдеріне ерекше ықыласымыз ауады. «Мектебің мынау класың, Осында он жыл тұрасың. Тарыдай болып кіресің, Таудай болып шығасың.» деген бір шумақ өлеңін мектеп қабырғасында жаттамаған бала жоқ шығар, сірә. Рас, Мұқағали балалар әлеміне түбегейлі бет бұрып, балалар ақыны болған жоқ. Бірақ шығармаларының ішінде балаларға арналған, балалармен сырласқан, ішкі жан сырын ақтара жазған өлеңдері де бар. Мұқағали өзі айтқандай данқ, марапат қуып, мансап сұраған ақын емес. Оны өзі де өлеңінде айтады.

«Ойлы жас! Өлең менің сырласымдай, Сырласам да құмарым жүр басылмай. Айтып өткен ақында арман бар ма, Жүресіңіз түбіне кір жасырмай».

Тулаған көңіліндегі жайды ірікпей ақ қағазға төккен ақынның әлемі асқақ жырларында аңғарылады. Қалыр Мырза Әлі «Ақынға керек ақыл көп, жындылық керек аздаған» дегеніндей, Мұқағали ақынның да мінезі шалт болған дейді замандастары, көзін көрген ақын-жазушылар. «Ұлыма» деген өлеңінде Мұқағали мектеп қабырғасында оқып жүргенінде-ақ кеудесін ешкімге бастырмайтын тік мінезді болғанын айтады. Ұлына өсиет айтқан ақын өзінің жүріп өткен жолын баспауын ескертеді. Мұқағали әкесінің тәрбиесін толық көре алмаған ақын. Өйткені 1941 жылы әлемді шарпыған Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде ақынның әкесі Сүлеймен майдан даласын бетке алды. Сол соғыстан оралмады. Ол кезде бала Мұқағали 10 жаста еді. Шешесі Нағиманнан гөрі әжесі Тиынның тәрбиесін көбірек алып, атасы мен әжесіне тән болып өскен ақын бала анасына бала болып көп еркелей бермегені өлеңдерінен аңғарылады.

«Мен әкемнің тәрбиесін көрмедім, Ал анамның ақылына көнбедім. Тіпті кеше оқушылық кезде де, Тізгінімді ешбір жанға бермедім...». Әжесі Тиын көкірегі жырға толы қазыналы жан болды. Немересінің құлағына қисса-дастанды жастайынан құйып, аңыз-әңгімелерді жатқа соғатын білімдар. Осындай деғдар адамның тәрбиесін көрген, жастайынан кітапқа құштар болып өскен Мұқағалидың ақын болмауына хақы жоқ еді...

Жыл сайын ресми туған күні саналатын 9 ақпан қарсаңында білім ошақтарында, жоғары оқу орындарында, түрлі мекемелерде Мұқағали оқулары өтеді. Бұл үрдіс дәстүрге айналған. Ақиық ақын өзінің күнделігінде «Келер ХХІ ғасыр ұрпақтары туысым болады, сырлас достарым атанады» деп сенген. Сол сенімі алдамады. Биылғы 90 жылдық мерейтойын ел болып атап өту, халық болып ақынға құрмет көрсету парызымыз екенін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев та айтты.

«Өлсе өлер, Мұқағали Мақатаев, Өлтіре алмас, алайда өледі ешкім», — деп жырлағанындай, елі барда ақынның жырлары өлмейтіні, өшпейтіні, қайта жыл озаған сайын халықтың жүрегіне жақындай түсетіні ақиқат.

Мөлдір ЕРНАЗАРОВА,
№191 бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі, Алматы қаласы



«Agro-Kurenbel» ЖШС, БСН 201040021155, жабылатындығын хабарлайды. Талаптар хабарлама жарияланғаннан күннен бастап екі ай ішінде мына мекен-жай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы облысы, Кербұлақ ауданы, Жайнақ батыр ауылдық округі, Балпық би көшесі, 44 үй.

ТОО «Agro-Kurenbel», БИН 201040021155, сооб-щает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение 2-х месяцев со дня публикации объявления по адресу: РК, Алматинская область, Кербулакский район, село Жайнак батыра, улица Балпык би, д.44.

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ Редакция алқасы:
Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы
Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі
Тілшілер мен қызметкерлер:
Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық
Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші
Қуаныш РАХМЕТ — жастар және ғылым
Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміші
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:
Байкен ҚӨБЕЕВ — Акмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)
Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)
Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)
Мәриям АЙТБАЙ — Шымкент қаласы
Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы
Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)
Кезекші редактор Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы: «Аманат Медиа» ЖШС
Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ
Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА
Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген. 2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VPY00020470 куәлігін алды. Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Редакцияның мекенжайы: 050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кенсе, 3-кабат (<i>Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы</i>) Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)
Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс — №2253; Бағасы келісім бойынша
Апталық таралым — 5000 дана
<i>Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Ай-Астана» әуежайының ұшақтарында бар.</i>